

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



ҚАЗІРГІ САБАҚТЫ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу-әдістемелік құрал

Астана
2014

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2014 жылғы 29.05. № 4 хаттама).

Қазіргі сабақты жобалау және ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 48 б.

Бұл әдістемелік құралда жалпы білім беретін мектептерде сабақтарға қойылатын негізгі талаптар мен заманауи сабақты жобалаудың құрылымы, сабақты ұйымдастырудың жаңа технологиялары және оларды қолдану жолдары қарастырылған. Сонымен қатар қазіргі кезде сабақты жобалау мен ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген.

Әдістемелік құрал жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге арналған.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2014.

КІРІСПЕ

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгертін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту мәселесі атап көрсетілген [1].

Еліміздегі қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Демек, қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Осыған орай бүгінгі таңда еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Білім берудің мақсаттары мен мазмұны өзгеруде, оқытудың жаңа құралдары мен технологиялары пайда болуда, осыған қарамастан сабақ оқу үрдісін ұйымдастырудың ең басты формасы ретінде қала береді.

Сабақ – оқу процесінің шешуші буыны, сондықтан оқушылардың пән бойынша алған білімдерінің сапасы да ең алдымен әр сабақтың ғылыми-әдістемелік дәрежесіне және жалпы алғанда сабақтардың бүкіл жүйесіне байланысты. Оқу бағдарламаларымен және тұрақты сабақ кестесімен оқытуды ұйымдастыру формасы болып табылатын сабақта оқу-тәрбие үдерісінің барлық компоненттері – мақсаты, мазмұны, құралдары, әдістері, тәсілдері, ұйымдастыру мен басқару қызметтері және оның барлық дидактикалық элементтері қарастырылады. Ал оқу қызметі – адамның оқу міндеттерін шешу үдерісінде теориялық білімдері мен тәжірибелік білігін игеруіне бағытталған негізгі қызмет түрлерінің бірі.

Қазіргі заманғы сабақ – ол, ең алдымен мұғалім оқушының тұлғалық дамуына, оның ойлау қабілетінің жылдам өсуіне, білімді терең игеруіне, оның бойында адамгершілік негіздерін қалыптастыруды шебер қолданылатын оқу үрдісінің бір түрі. Бүгінгі сабақ мектеп оқушыларының белгілі бір мөлшердегі білімді меңгеруімен шектелмей, тұлғаның жалпы дамуымен, оның танымдық және жасампаздық қабілеттерінің қалыптасуымен байланысты болуы тиіс. Қазіргі сабақ баланың ересектік өмірге белсенді кіруіне жағдай жасайтын, қоғамның заманауи талаптарына сәйкес қасиеттердің дамуын қамтамасыз ететіндей болуы қажет.

Білім берудің жаңа парадигмасы бүгінгі күннің сабағына өзінің әсерін тигізуде, инновациялық педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білім берудің жаңа мазмұнын енгізуді талап етуде.

Қазіргі сабақтың бірінші моделі деп дәстүрлі сыныптағы сабақты айтуға болады, ол мектеп тәжірибесінде жылдар бойы тиімді іске асып келеді. Бұл модельде өзіне тән ұғымдық аппарат, мұғалімдердің өзара қарым-қатынасының мәдениеті қалыптасқан, сондай-ақ сабақтың үштұғырлы мақсаты мен жоспар-конспектісі, оқытудың түрлері және әдістері мен тәсілдері, сабақ түрлері және басқа терминдер қолданылады. Сонымен қатар дәстүрлі сабақ әрқашан қазіргі

заманауи сабақты өткізудің және ұйымдастырудың негізін қалаушысы болатынын атап кеткен жөн. Сабақ өзгеріске ұшырағанымен, оның негізінде классикалық педагогика мен әдістеме қалады.

Қазіргі сабақтың екінші моделі білім беруді технологияландырылуымен байланысты. Педагогикалық технологиялар білім беру саласына өткен ғасырдың 90-шы жылдарында келе бастады және оларға тән ұғымдарын (тақырыптық және күнделікті сабақ жоспарының технологиялық картасы, технологиялық тәсілдер, технологияның кезеңдері, кезеңдердің міндеті) құрастыруға мүмкіндік берді. Бұл модельдің пайда болуының нәтижесінде мектеп оқушыларын оқытудың әдіс-тәсілдері өзгерді, олардың белсенділігі және ең бастысы өзара байланысы артты.

Қазіргі заман талабына сай білім беру саласын жетілдірудің өзекті мәселесі ретінде оқушының құзыреттілігін қалыптастыруға негізделген сабақты, яғни сабақтың *үшінші моделі* туралы айту қажеттілігі туындады. Бұл дидактикалық модельдің өзіне тән жобалау мәдениеті мен ұғымдары (негізгі және базалық құзыретіліктер, баланың тәжірибесі, өмірлік әртүрлі жағдаяттарда шешім қабылдай білуі, психологиялық-педагогикалық жағдайлар және тағы басқалар) бар.

Сонымен, қазіргі сабақ – бұл тану, ашу, іс-әрекет, қарама-қайшылықтар, даму, өсу, білімге апаратын саты, өзін-өзі тану, жетілдіру, қызығушылық, таңдау, кәсіпкершілік, алға бастау, сенімділік, қажеттілік сабағы және қазіргі сабаққа тән ерекшелік – оқушылардың белсенді (өздігінен) оқу қызметі. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендендірудің тәсілдерінің бірі – оларды ойлаудың түрлерін (саралау, жинақтау, салыстыру, маңыздысын белгілеу, қорытынды жасау) үйрету.

Кез келген сабақтың дүниеге келуі оның соңғы мақсаттарын дұрыс анықтаудан, оларға қол жеткізуге көмектесетін құралдардан, сабақты жүргізу тәсілін анықтаудан басталады. Оқыту үдерісін басқару педагогикалық үдерістің және педагогикалық қызметтің берілген құрылымына сәйкес белгілі бір кезеңдерді: жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау, нәтижені бағалау және талдауды өтуді қажет етеді.

Әдістемелік құралдың мақсаты жалпы білім беретін мектептерде сабақтарға қойылатын негізгі талаптар мен заманауи сабақты жобалаудың құрылымын, сабақты ұйымдастырудың жаңа технологиялары және оларды қолдану жолдарын қарастыру болып табылады. Сонымен қатар қазіргі кезде сабақты жобалау мен ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар беру. Осы әдістемелік құрал жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге әдістемелік көмек көрсету мақсатымен ұсынылып отыр.

1 Қазіргі сабаққа қойылатын негізгі талаптар

Оқыту – ғылыми білім, білік және дағдыларды игеруі бойынша, шығармашылық қабілеттерін, дүниетанымдықты, өнегелі-әдепті көзқарастарды дамыту бойынша оқушылардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастыру мен ынталандырудың педагогикалық үрдісі [1].

Оқыту – бұл басқарылған таным үрдісінде өтетін қарым-қатынас, қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеру, жаңғырту, жеке тұлғаны қалыптастыру негізінде нақты іс-әрекетті игеру [2].

Оқытудың қоғамдағы міндеттерінің мәні ұрпақтардың сабақтастығы, қоғамның толық құндылықты қызмет атқаруы, тұлғаның соған сәйкес дамуына мүмкіндік жасауында және балалар мен ересектердің өзара бірлескен іс-әрекеттерін мақсатқа бағыттап ұйымдастыруында. Аталған әрекеттерді іске асыра отырып, оқыту үрдісін дамытудың ең негізгі көрсеткіштерін үш мақсатқа негіздеп топтастыруға болады:

- *білімділік* – оқушылар ғылым негіздерін, білім, білік және дағдыны меңгеру, өздерінің рухани және еңбек қабілеттерін дамыту, еңбек және кәсіби дағдыларының бастамасын игеруді көздейді;

- *тәрбиелік* – әр оқушыны адамгершілік қасиетіне, ғылыми-танымдық ұстанымы бар, шығармашылық жағынан белсенді және әлеуметтік жетілген, үйлесімді дамыған тұлға етіп тәрбиелеу. Демек, білім берудің басты мақсаты – адал, адамгершілігі жоғары, білікті, өз бетінше жұмыс істей алатын, өзінің адами мүмкіндіктерін іске асыра алатын адам тәрбиелеу;

- *дамытушылық* – жеке тұлға тілінің, ойлауының сенсорикалық және қимылдық саласының, сезімдік-еріктік және қажетті-мотивациялық саласының дамуы [3]. Білім берудің мақсаты – оқыту процесін ұйымдастыру мен бағыттау, оның мазмұны, әдістері мен формаларын анықтау. Ол өзінің құрамына білім берудің жалпы адамгершіліктік, әлеуметтік-топтық, жеке тұлғалық мақсаттарды да қамтиды. Қоғамның өзгеру және даму деңгейіне сәйкес білім берудің мақсаттары да өзгеріп отырады.

Білім беру процесінің негізі – оқыту. Білім беру құрылымындағы оқыту дегеніміз мұғалімнің оқушымен тікелей немесе жанама байланыстағы іс-әрекеті. Бірақ бұл байланыс қай түрде болғанына қарамастан, оқыту процесі білім алудың белсенді болуын көздейді. Оқушылардың іс-әрекеті мұғалім тарапынан қамтамасыз етілген, ұйымдастырылған және бақылауға алынған жағдайда, сонымен қатар оқушылардың бойында өз бетінше білім алу дағдысы қалыптасқанда ғана білім алу процесі белсенді бола алады. Жалпы білім беру процесі барысында:

- мұғалімнің ақпаратты іріктеуі, жүйелеуі, құрылымдауы және оны оқушыларға жеткізе алуы;

- бұл ақпаратты және онымен жұмыс істеу жолдарын оқушылардың қабылдауы, түсінуі, меңгеруі сабақ және сабақтан тыс өз бетінше білім алуы барысында жүзеге асырылады.

Іс жүзінде оқыту процесі жалпы және нақты заңдылықтарға сәйкес іске асырылады. Оқыту процесінің нақты заңдылықтары деп дидактикалық,

психологиялық, әлеуметтік және ұйымдастыру заңдылықтарын айтуға болады. Оқытудың жалпы заңдылықтарын келесі топтарға бөлуге болады.

Оқыту мақсаттарының заңдылығы:

- қоғамның даму деңгейі мен қарқынына;
- қоғамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне;
- педагогика ғылымы мен тәжірибесінің даму деңгейі мен мүмкіндіктеріне

тәуелді.

Оқыту мазмұнының заңдылығы:

- қоғамның қажеттіліктері мен білім берудің мақсаттарына;
- әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогрестің қарқынына;
- білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық және экономикалық

мүмкіндіктеріне;

- оқытудың теория мен тәжірибесінің даму деңгейіне;
- жас ерекшеліктеріне тәуелді.

Оқыту сапасының заңдылығы:

- алдыңғы кезеңнің жетістіктері мен нәтижелеріне;
- оқылатын материалдың сипаты мен көлеміне;
- білім алушыларға ұйымдастырушылық-педагогикалық ықпал жасауына;
- оқушылардың оқуға деген ынтасына;
- оқыту уақытына және оқытудың әр жаңа кезеңіне тәуелді.

Оқыту әдістерінің заңдылығы:

- әдістерді қолдана білуі мен қолдану дағдысына;
- оқытудың мақсаттарына;
- оқытудың мазмұнына;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне;
- оқу процесінің ұйымдастырылуына тәуелді.

Оқытуды басқарудың заңдылығы:

- оқыту жүйесіндегі кері байланыстардың қарқындылығына тәуелді.

Оқушылардың жеке және ұжымдық іс-әрекеттеріне мұғалім әсерінің сәйкес болу заңдылығы:

- баланың қоршаған дүниені тануға деген ықыласын жүзеге асыруға жағдай жасауына;

- мұғалімнің балаға өмірде қажет болатын, оларды қызықтыратын білімді берудегі белсенді ықыласын қажет етеді.

Мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерін оқытудың техникалық құралдарының (ОТҚ) мүмкіндіктеріне сәйкес болу заңдылығы:

- мұғалім мен оқушының іс-әрекетін заманауи талаптарға сәйкес жоспарлауды, ОТҚ нақты бір сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестікпен қолданауды талап етеді.

Оқытудың заңдылықтары тұлғаның еркіне тәуелді емес, олар іс-әрекетті ұйымдастыру барысында ескерілуі тиіс жағдайлар. Оқыту заңдылықтары арқылы оқыту процесі іске асады. Оқыту заңдылықтарының ерекшелігі – мұғалімнің (оқыту), оқушының іс-әрекеті (оқу) және білім мазмұны арасындағы тұрақты тәуелділіктер. Оқыту оқушының белсенді іс-әрекеті және білім мазмұнының мақсатты түрде ықпал етуі арқылы жүзеге асады. Мұғалім

оқытудың заңдылықтарынан дамытын оқытудың принциптерін басшылыққа ала отырып білім берудің мазмұнын, әдістерін және ұйымдастыру формаларын таңдап, оқушыларды жоғары нәтижелерге жеткізуі тиіс. Мұғалім оқытудың принциптерін дұрыс тандаса, оқытуды дұрыс ұйымдастырса сабақ тиімді және нәтижелі болады. Оқытудың принциптері көп жылдық тәжірибенің қортындыланған түрі және қазіргі таңдағы мектептің жағдайларында оқыту процесінің өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп отырады. Оқыту принциптерін тұңғыш ұсынған Я.А. Каменский адам табиғаттың бір бөлігі болғандықтан, оқыту да табиғат пен адам тәуелді болатын заңдарға байланысты деп дәлелдейді. Сондықтан оның пікірінше, оқытудың ең басты принципі – табиғатқа сай болу принципі. И.Г. Песталоцци оқытудың көрнекілік принципін ерекше бағалап, оны логикалық ойлауды дамытатын маңызды құрал деп санаған. К.Д. Ушинский оқытудың халықтық сипатына баса назар аударып, оқытудың принциптерін психологиялық тұрғыдан қараған. Ы. Алтынсарин оқыту ережелерін қазақ мектептеріндегі білім берудің ерекшеліктеріне байланысты қолдану керектігін айтқан [4].

А.П. Пинкевич ұсынған принциптер: оқытудың өмірмен және қоғамдық еңбекпен байланысы; жас ерекшелігі принципін сақтау; оқытудың белгілі бір жас кезеңіндегі оқушылардың даму деңгейіне сәйкес болуы (оқушылардың күш жігерін дамуға жұмсау, жұмыстың жүйелілігі, шығармашылық – қызығушылықтың басты негізі); пән мазмұнының ерекшеліктерін, әдістерін анықтау [4].

Оқыту принциптері – оқыту үрдістерінің нақты заңдары мен заңдылықтарының қозғалысын бейнелейтін және оның тұлғаны дамытуға бағытталғанын анықтайтын негізгі дидактикалық ережелер, оқыту принциптерінде оқу үрдісін құруға және оны басқаруға теориялық әдістер айқын көрініс табады. Олар мұғалімдер мен оқушылар оқу үрдісін ұйымдастыратын және оны оңтайландыру мүмкіндіктерін іздестіретін ұстаным мен бағытты анықтайды [2].

Оқыту принциптерін білу оқу үрдісін оның заңдылықтарына сәйкес ұйымдастыруға, оқу материалының мақсаттарын орынды анықтауға және мазмұнын таңдап алуға, оқытудың түрлері мен әдістерінің мақсаттарына тиісті түрін таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге олар оқушыға және оқытушыға оқу үрдісінің кезеңділігін сақтауға, өзара қатынас пен бірлесіп қызмет атқаруға мүмкіндік береді [2].

Қазіргі оқытуда саналылық, белсенділік, көрнекілік, жүйелілік, бірізділік, беріктік, түсініктілік, ғылымилық, теория мен тәжірибе бірлігі, оқытудың топтық және жеке түрлерін тиімді пайдалану сияқты принциптер кеңінен қолданылады. Бұл принциптерге тоқталатын болсақ:

- саналылық принципінің көмегімен заңдылықтарды, анықтамаларды, фактілерді білу, өз ойын қорытындылап дұрыс жеткізе алу, алынған білімді өмірлік жағдайларда қолдана білуді қамтамасыз етіледі. Саналылық принципі оқушының сөйлеу тілін ойлаумен ұштастыра алуымен, туындаған сұрақтарға өз бетімен жауап таба білумен сипатталады;

- белсенділік принципі оқушылардың өздік жұмыстарды

шығармашылықпен орындауын, оқу материалын меңгеруде белсенді болуын, ойлау әрекетін белсендендіруін болжайды. Белсенділік өз бетімен жұмыс істеу қабілетін, шығармашылық ынтасын және сөйлеу тілін жетілдіру жолында үздіксіз жұмыс істеуін қарастырады;

- көрнекілік принципі заттар мен құбылыстар туралы өзіндік ойын, түсінігін қалыптастыруға көмектеседі. Көрнекіліктің көмегімен оқушыларды нақты өмірлік жағдайларға дайындайтын және тіл байлығын дамытуға ықпал ететін оқу жағдаяттары жасалады. Көрнекілік принципі *лингвистикалық* (жаңа сөздерді, контексті талқылау, синонимдер мен антонимдерді іріктеу) және *экстралингвистикалық* (қимылдар, заттарды көрсету және қоршаған ортадағы құбылыстарды бақылау) *құралдары* арқылы жүзеге асырылады;

- жүйелілік принципі материалды меңгеруді қарастырады. Жүйелілік материалды ұсынуды ұйымдастыру мен бірізділігінен көрінеді және оқытудың түсініктілігін қамтамасыз етеді;

- нәтижелердің беріктілігі принципі алынған білім оқушылардың санасында сақталып қалуын талап етеді. Жақсы меңгеру үшін оқылатын материалға қызығушылық тудыру қажет;

- ғылымилық принципі білім мазмұнының оқушыларды ғылымның заманауи жағдайын көрсететін нақты ғылыми фактілермен, теориялармен, заңдылықтармен таныстыруды талап етеді. Бұл принцип оқу бағдарламалары мен оқулықтарда, оқу материалын іріктеуде көрініс табады, сонымен қатар оқушыларды ғылыми ізденіс әдістерінің элементтерін меңгеруге үйретеді;

- оқытудың топтық және жеке түрлерін тиімді пайдалану принципі мұғалім оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерін қолдануына болатынын және қолдануы тиіс екенін білдіреді. Оқыту сабақта, сонымен қатар оқушылардың сабақтан тыс (саяхаттар, экскурсиялар, үйірмелер, қызығушылығына қарай ұйымдастырылған ұйымдар) алуан түрлі іс-әрекеттері барысында жүзеге асырылады.

Оқытудың бұл принциптері дидактиканың заманауи біртұтас, біріккен жүйесін құрайды. Олардың бәрі бірігіп оқыту процесінің негізі сабақта жүзеге асырылады.

Сабақ – бір пәнді оқытуға арналған оқу сағаты мектептегі оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі. Сабақ – бұл жастары шамалас, құрамы тұрақты оқушы топтарымен оқытуды ұйымдастыру формасы, тұрақты кесте және бәріне ортақ оқыту бағдарламасымен сабақ өткізу. Бұл формада оқу-тәрбие процесінің барлық компоненттері – мақсат, мазмұн, құралдары, әдістері, ұйымдастыру, басқару қызметі және оның барлық дидактикалық элементтері қарастырылады. Сабақ арнаулы оқу кабинеттері мен зертханаларда, оқу шеберханалары мен тәжірибе үлескілерінде өтеді. Тұрақты оқушылар құрамы, кесімді уақыт көлемі (45 минут) және оқу кестесі бойынша жүреді. Сабақтың басты мақсаты – мұғалімнің басшылығымен оқушыларға ғылым негіздерінен берілетін мағлұматтарды саналы түрде игерту, алған білімді іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру, іскерлікке үйрету, адамға қажетті қасиеттерді қалыптастыру [5]. Біртұтас дидактикалық жүйе ретіндегі оқыту үрдісіндегі сабақтың мәні мен мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық-жекелей өзара қарым-қатынасына

алып келеді, соның нәтижесінде оқушылар білім, білік және дағдыны иемденеді, олардың қабілеттері, қызмет тәжірибесі, араласуы мен көзқарастары дамиды, сонымен қатар мұғалімнің педагогикалық шеберлігі жетіледі. Сонымен, сабақ – бір жағынан, тұтастай алғанда оқытуды қозғаушы форма түрінде, екінші жағынан, оқытудың заңдылықтары мен принциптерінен туындайтын, мұғалімнің сабақты өткізуді ұйымдастыруына қойылатын негізгі талаптарымен анықталатын оқытуды ұйымдастырудың формасы.

«Сабақ» ұғымына берілетін анықтамалардың алуан түрлілігіне қарамастан, бұл түсініктің келесі ортақ белгілерін атауға болады:

1. Сабақ – мектептегі оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың негізгі формасы, өйткені сабақ барысында тұлғаның дамуына қатысты білім берудің барлық мақсаттары орындала алады.

2. Сабақ – оқыту үрдісінің мазмұнын құрудың қарапайым түрі. Сондықтан сабақта бұл үрдістің барлық компоненттері: мақсаттары, мазмұны, әдістері, құралдары, ұйымдастыру мен басқаруға қажетті іс-әрекет және оның дидактикалық элементтері болады.

3. Сабақ – оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту қызметін атқарады. Сабақтың басты мақсаты аталған қызметтерді жүзеге асыру.

Дәстүрлі сабақтың мақсаты нені және қалай үйрету мәселесі болса, қазіргі сабақ қашан, қай жерде, кімді және не үшін оқыту қажет екендігін қарастырады. Оны шартты түрде жүйеден «шығуды» реттеу дейді. Бұл жолдың ерекшелігі неде? Мәселе «Не үшін оқытамыз?» деген сұраққа жауап алудан басталды. Бұл сұраққа жауап ретінде алынатын «соңғы нәтижелер» нақтыланады. Ол нәтижелерге жеке пәндер бойынша меңгерген білім, білік және дағды емес, өмірлік дағдылар жатады. Осыдан кейін қарастырылатын мәселе «Оқушыны оқуға қалай үйрету?» деген сұрақпен байланысты. Демек, мұғалім, негізінен, оқушыларға жүйеленіп өңделген оқу материалды дайын күйінде ұсынбайды, оқушыны өздігінен ізденіп, өзіне қажет білімді іздестіруге керекті дағдылармен (білік, тәсіл, т.б.) қаруландырады. Осындай ұстанымда ұйымдастырылған оқу үрдісінің нәтижесінде оқушылар өмірге қажетті кең ауқымды дағдыларды, құзырлықтарды меңгеріп шығады.

Мұғалім оларды басшылыққа ала отырып, сабақ беру барысында мектептің күнделікті оқыту жағдайында шешілуі тиісті дидактикалық міндеттердің (білім беру, тәрбиелеу, дамыту) жүйесі ретінде ұйымдастырады және осы міндеттерді ұтымды сабақтастыра отырып, осы қызметтерге басшылық жасайды.

Сабақтың ең кең таралған түрі – дәстүрлі сабақ. Дәстүрлі сабақты негізгі дидактикалық талаптар тұрғысынан, сонымен қатар қазіргі сабақты өткізумен байланысты оның мәнінің өзгеруін қарастырайық (1-кесте):

Қазіргі сабақ дегеніміз – сол кезеңнің, сол уақыттың талаптарына, деңгейіне сай сабақ. Заман талабына сай сабақ – тұлғаны заман талабына сай бәсекеге қабілетті азамат етіп оқытуға бағытталуы тиіс. Сабақ әр жас тұлға өмірінің бір бөлігі, сондықтан бала өмірінің бұл бөлігі жалпы адамзат мәдениетінің жоғары деңгейінде өтуі тиіс. Сабақ баланың үйдегі өмірімен, үйден тыс жерлерде өзінің достарының арасындағы өмірімен сабақтасып, күнделікті өмірінің жалғасы болуы тиіс. Сондықтан қазіргі күннің оқушылары

«қазіргі сабақ дегеніміз не?» деген сұраққа:

1-кесте - Дәстүрлі сабақ пен қазіргі сабақтың өзіндік ерекшеліктері

Сабаққа қойылатын талаптар	Дәстүрлі сабақ	Қазіргі сабақ
Мақсаты мен міндеттерді хабарлау	Оқушылар нені үйрену керек екенін мұғалім хабарлайды	Білетіні және білмейтінін анықтау арқылы оқушылар өздері анықтайды
Сабақтың тақырыбын хабарлау	Мұғалім оқушыларға хабарлайды	Оқушылар өздері қалыптастырады
Жоспарлау	Мақсатқа жету үшін оқушылар қандай жұмыс істейтіндерін мұғалім хабарлайды	Белгіленген мақсатқа жетудің жолдарын оқушылар жоспарлайды
Оқушылардың практикалық әрекеттері	Оқушылар практикалық жұмыстарды мұғалімнің басқаруымен орындайды (көбінесе іс-әрекетті ұйымдастырудың фронталдық түрі қолданылады)	Оқушылар оқуды белгіленген жоспар бойынша жүзеге асырады (жеке, топтық әдістер қолданылады)
Бақылауды жүзеге асыру	Мұғалім оқушылардың практикалық жұмысты орындауларына бақылау жасайды	Бақылауды оқушылар өздері жүзеге асырады (өзін-өзі бақылау, бірін-бірі бақылау)
Түзетулерді жүзеге асыру	Мұғалім жұмыстың орындалу барысында түзетулер жасап отырады	Оқушылар қиындықтарды өздері анықтайды және өздігінен жүзеге асырады
Оқушыларды бағалау	Оқушылардың орындаған жұмыстарын мұғалім сабақ барысында бағалайды	Оқушылар жұмыстарын нәтижесіне қарай бағалайды (өзін-өзі бағалау, сыныптастарының жұмысын бағалау)
Сабақтың қорытындысы	Мұғалім оқушылардың естерінде нені сақтағандарын анықтайды	Рефлексия жүргізіледі
Үй тапсырмасы	Мұғалім түсіндіріп айтады (көбінесе барлық оқушыларға бір тапсырма беріледі)	Жеке мүмкіншіліктеріне қарай мұғалім ұсынған тапсырмалардан оқушылар таңдап ала алады

«Қазіргі сабақ – мұғалім жаңа материалды түсінікті де қарапайым түсіндіретін сабақ».

«Қазіргі сабақ – бұл қызықты жаңа мағлұматтардан тұратын жеңіл сабақ және бұл сабақта мұғалім мен оқушы бір-бірімен еркін сөйлесіп, өзара қарым-қатынас жасай алады».

«Қазіргі сабақ – бұл бір істелген жұмыс қайталана бермейтін, түрлендірілген сабақ».

«Қазіргі сабақ – оқушының айтқан кез келген ойы, ұсынысы тыңдалатын және адам адам болуға үйренетін сабақ».

«Қазіргі сабақ – өзінді еркін сезінетін сабақ» - деп жауап берері сөзсіз. Білімнің сапалы, жоғары деңгейде болуы сабаққа байланысты, сондықтан сабаққа қойылатын талаптар да заман талабына сай өзгеруде.

Сабаққа қойылатын негізгі талаптар дегеніміз оқытудың жалпы білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметтерін сапалы жүзеге асыруға қажетті қағидалар болып табылады. Бұл қызметтер әрбір сабақта белгілі бір дәрежеде жүзеге асырылады. Мұғалімнің жұмысында ең бастысы сабақтың білім беру,

тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шебер үйлестіре отырып осы қызметтерді басқару. Сабақтың тиімділігін арттыруды жүзеге асыру үшін қазіргі заманғы сабаққа қойылатын талаптарды сақтау керек. Талаптарды келесі топтарға бөлуге болады:

1. Әрбір сабақ сабақтың білім беру, дамыту және тәрбиелеу мақсатының бірлігін сақтау және оқыту процесінің маңызды заңдылықтарын жүзеге асыруға ықпал етуі тиіс.

Сабақта белгілі бір тақырыпты баяндай отырып, оқушылардың ойлау, қорытынды шығару қабілетінің дамуына ықпал ету, олардың қоршаған ортаға көзқарасын, заман талабына сай қатынасын, сол қатынастар негізінде мінез-құлық дағдысын қалыптастыру, тәрбиелеу қажет. Оқушылардың қоршаған ортадағы (көпшілік орындардағы мәдениеттілік, жүктелген тапсырманы орындаудағы жауапкершілік, оларды орындау барысындағы қиындықтарды жеңе білу) тұлғалық мінез-құлқының, тұлғалық қасиеттің қалыптасуына, айқындалуына ұмтылу қажет.

2. Әр пәндерден өтілетін сабақ дидактиканың барлық принциптеріне сай болуы, оқытудың ғылыммен және өмірмен байланысына жауап беруі тиіс.

Кез-келген сабақ оқу процесінің бір бөлігі болғандықтан, сабақты өмірмен, өмірде кездесетін жағдайлармен байланыстыра білу, оқушылардың оқу процесінде алған теориялық білімдерін өмірлік тәжірибеде қолдана білу дағдыларын қалыптастыруы тиіс.

3. Әрбір сабақ, ең алдымен, сабақтың тақырыбымен жиі ауыстырылатын анық дидактикалық мақсатпен сипатталуы керек.

Бір тақырып бірнеше сабақ өткізілуі мүмкін, осындай жағдайда бұл тақырыптың әр сабағының нақты дидактикалық мақсаты болуы тиіс. Оқушыларды ойлаудың түрлерімен (жіктеу, оқулықтан немесе берілген мәтіннен тапсырмаға сәйкес мағлұматты көшіру, іріктеу, қорытындылау және т.б.) қаруландыру, алған білімін өмірмен байланыстыра, өмірлік тәжірибеде қолдана білуге дағдыландыру, тақырыптағы нақты деректермен таныстыру, өзбетінше қорытынды жасау, тұжырымдама шығару дағдыларын қалыптастыру және басқа да мақсаттар болуы тиіс.

Мұғалім күнделікті сабаққа дайындалу барысында қойылған мақсатқа байланысты сабақтың құрылымын, оқу материалының мазмұнын, сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдерді, құралдарды, сабақтың әр кезеңін анықтап, жоспарлауы керек. Әр сабаққа нақты мақсат қойылмаған жағдайда, олар бір-біріне ұқсас, біржақты болуы мүмкін, ал бұл оқушылардың тақырыпты оқуға қызығушылығының жойылуына әсер етеді.

4. Оқушылардың танымдық қызметін жандандыру мақсатында сабақтың әр кезеңінде әдіс-тәсіл түрлерін қолдану қажет.

Сабақтың бір кезеңіне көп тоқталу, (мысалы, жаңа тақырыпты түсіндіру) оқушылардың тыңдау ынтасының, қызығушылығының жойылуына әсер етеді. Сол себепті әр сабақта және сабақтың әр кезеңінде оқушылардың сезім мүшелеріне әсер ететін, танымдық қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдерді, іс-әрекет түрлерін тиімді өзгертуге ұмтылу керек. Мұғалім сабаққа дайындалуы кезінде сабақтың қай кезеңінде қандай әдіс-тәсіл және құрал

түрлерін пайдаланатынын ойластыруы қажет. Іс-әрекет түрлерін ауыстыруда оқушылардың жас ерекшеліктері, сыныптың ерекшеліктері ескерілуі міндетті, сыныптағы оқушылардың барлығы бірдей сабақтағы іс-әрекеттің бір түрінен екіншісіне бірден ауыса алмайтынын ескеру қажет.

5. Қазіргі сабаққа қойылатын талаптардың келесі түрі – оның эмоционалдығы. Ол оқушыларды сабақтағы маңызды қызмет – жаңа білімнің меңгерулеріне ықпал етеді. Ол сырттай, яғни мұғалімнің дауыс ырғағынан, қол сілтеуінен, қозғалысынан байқалуы мүмкін.

Оқушылар сергек болуы үшін сабақ эмоционалды болуы тиіс, бұл олардың белсенділігін, қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Сабақта әртүрлі проблемалық жағдайларды пайдалану да эмоционалды жағдай жасайды, оқушылардың танымдық қызметін арттырады.

6. Әр сабақта оқушылардың білімдерін есепке алу жүргізілуі керек.

Сабақта тұрақты кері байланыс болған жағдайда оқыту үдерісінің тиімділігі артады. Мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру деңгейін сабақтың әрбір кезеңінде біліп отыруы тиіс, себебі осы деңгейдің үздіксіз өсіп отыруына жағдай туғызуға ұмтылуы керек. Сабақ барысында мұғалім барлық оқушылардан сұрауға мүмкіндігі болмайтындықтан, алынған білімді бақылаудың түрлерін пайдалануға болады. Бақылаудың түрлері: жазбаша тапсырмалар, тесттер, сұрақтарға жазбаша жауап беру т.б., бұл мақсатты жүзеге асыру үшін (егер мүмкіндік болса) әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды пайдалануға болады, себебі олар білімді тексерудің нәтижесін бірден алуға, көруге мүмкіндік береді. Оқушының сабақта меңгерген білімін бағалау үшін, ең бастысы мұғалімнің байқағыштық қасиеті керек.

7. Кез келген пәннің әрбір сабағы өзінің ұйымдастырушылық заңдылықтарымен, жетістіктерімен ерекшеленуі керек.

Әрбір өткен сабақ мұғалім мен оқушыға алға басушылық сезімін туғызуы, меңгерілген білім көлемінің өсуін және сапасын қамтамасыз етуі керек. Білім, білік және дағдының өсуі қанағаттану сезімін туғызады, сонымен бірге оқушының оқуға деген белсенді көзқарасына ықпал етеді. Әрбір сабақ оқыту үдерісінің аяқталған бөлігі болуы тиіс.

8. Әр сабақта жүйелі қайталаудың элементтері болуы тиіс.

Жаңа тақырып алдында оқылған, меңгерілген материал, яғни қайталау тұрғысынан қарастырылуы керек. Мұғалім жаңа материалды баяндағанда оны алдыңғы өткен тақырыппен байланыстырып, оған сүйенуі керек. Бірақ өтілген оқу материалын қайталаудың барлығы бірдей тиімді бола бермейтінін де ескеру қажет және қайталау өткенді жаттап алып айтуға алып келмеуі тиіс.

9. Әрбір сабақ техникалық жағынан сәйкес, ыңғайлы жабдықтармен және дидактикалық қамтамасыз етілуі керек.

Оқушының танымдық әрекеті эмоционалдық қабылдауынан басталады. Сондықтан, мұғалімнің сабаққа дайындалу барысында тақырыпқа сәйкес көрнекі, дидактикалық құралдарды ойластырып және дайындауы тиіс, ал олардың тиімділігі оқытудың нәтижесінен көрінеді. Көрнекілікті орынды және тиімді пайдалану қажет.

10. Кез келген пәннің әр сабағы өткен және алда өтетін оқу материалымен

байланысты болуы тиіс.

Кез келген сабақ бұрын өткен немесе болашақта өтілетін сабақтардан ерекшелендіріліп қарастырылмауы керек, ол пән сабақтарының жалпы жүйесінің бір буыны болуы керек. Мұғалім өз пәнінен сабаққа дайындалу барысында өткен сабақты жақсы елестетіп, жаңа материалды мүмкіндігінше оқылған материалмен байланыстыруы, сонымен қатар алдағы сабақтың құрылымы мен мазмұнын ескеруге тырысуы тиіс. Бұл әсіресе еңбек жолын енді бастаған жас мамандар үшін маңызды. Мұғалім кез келген сабақта оқушылардың білімін қалыптастыра отырып, алдыңғы (келесі) сабаққа негіз қалауға міндетті.

11. Сабақтың барлық уақытын барынша табысты, тиімді пайдалану керек.

Мұғалім сабаққа дайындалғанда 45 минутта істелетін жұмыстарды ұйымдастыру жолдарын жоспарлауы тиіс. Сыныптың бір де бір оқушысы мұғалім назарынан тыс қалмай, оқу материалына сәйкес тапсырмалармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілуін қарастыруы тиіс. Сабақта қолданылатын техникалық және көрнекі құралдарды алдын-ала дайындап, тексеруі тиіс.

Сабақтың дәстүрлік құрылымын (сұрау, түсіндіру, бекіту) ұстанғанның өзінде де жұмыстың бір түрінен келесісіне ауысқанда уақытты жоғалтуға алып келеді. Сондықтан жұмыстың бір түрінен екіншісіне көшуді оқушылар байқамай, елемей қалатындай етіп ойластыру керек.

Сабақ барысында оқушылардың тәртіп бұзушылық, сабаққа кешігу, сабақты босату себептерін анықтауға уақыт жібермеуге тырысу қажет, бұл туралы үзіліс кезінде немесе сабақтан кейін әңгімелесуге болады. Ауызша жауап бергенде оқушыларды орындарынан тұрғызбауға да болады, себебі бұл сабақ уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

12. Оқушылардың бүкіл сабақ бойы оқуын – еңбек тәртібін қамтамасыз ету.

Алдыңғы айтылған талаптарды орындалған жағдайда сабақтағы тәртіп те белгілі бір деңгейде қамтамасыз етіледі. Мұғалім сабақтағы оқу еңбегі кезіндегі тәртіпті қамтамасыз етуі керек. Сабақтағы тәртіп оқушының оқу, білімді меңгеру ынтасына ықпал етеді, сондықтан сынып ұжымында тәртіп бұзушылыққа жол бермеу қажет.

13. Талаптардың келесі түрі сабақ құрылымының икемді болуы.

Мұғалім сабақтың құрылымын, нақты мақсатын ойластырды делік, бірақ сабақ жоспар бойынша өтпеген жағдай болса, оқытушы сабақтың құрылымын өзгерте, қосымша тәсілдер пайдалана, қажетті нақтылаулар енгізе білуі қажет. Тағы бір ескеретін жағдай сабаққа дайындалғанмен, бірақ ол ешқашан репетицияланбауы тиіс.

14. Қазіргі сабақ қойылатын талаптардың бірі – сабақтың кәсіби бағыттылығы және алған білімін өмірде қолдана білу құзыреттілігі.

Әрбір сабақтың кәсіби бағыттылығы болуы керек, бірақ ол оқу пәніне тәуелді болмайды. Оқу материалының мазмұнын мамандықтардың бір түрімен және болашақтағы өмірмен байланыстыра білу маңызды.

15. Үй тапсырмасының орындалуы, оны тексеру және бағалау.

Үйге берілетін тапсырманы сынып оқушыларының барлығы орындай алатынына мұғалім сенімді болуы керек. Үйде орындауға берілген тапсырма өте қиын да болуы мүмкін, бірақ кез-келген жағдайда мұғалім үй тапсырмасының мәні неде екенін, мақсатын, оны орындауда қолданылатын негізгі ережелерді қайдан оқуға болатынын, орындалу тәртібін түсіндіруге міндетті.

Оқушылар орындаған кез келген үй тапсырмасы міндетті түрде тексерілуі, талдануы керек, бағалану жағдайы да қарастырылады. Үй тапсырмасына көңіл аударылмаса оқушылардың өзбетінше білуге, үйренуге деген танымдық қызығушылығы жойылады.

16. Сабақта қолайлы моральды-психологиялық және санитарлық-гигиеналық жағдайлардың жасалуы.

Бұл жағдайлар жоғарыда аталған сабаққа қойылатын талаптардың орындалуымен айқындалады. Кез келген пән сабағында мұғалім мен оқушылардың, сыныптас оқушылардың арасында сыйластық, түсінушілік қатынас орнату керек. Оқушылардың психофизиологиялық жас ерекшеліктерін, сонымен қатар сынып бөлмесінің, жалпы мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайын да ескеру міндетті.

Қазіргі сабаққа қойылатын талаптар жоғарыда аталған талаптармен шектелмейді. Әрине, мұғалімнен әр сабақ сайын олардың барлығын орындауын талап етуге болмайды. Бірақ мұғалім бұл талаптарды білуге міндетті, өйткені ол сабақтың сапасына, тиімділігіне әсер етеді.

Сабақтың сапалы, тиімді, табысты өтуі және қойылған мақсаттарға жетуі мұғалім мен оқушының бірлесіп орындаған шығармашылықтарынан көрінеді. Мұғалімнің жұмысының мақсаты оқушылардың белсенді, саналы, танымды қызметін басқару болып саналады. Мұғалім оқушыларға бірте-бірте күрделі талаптар қоя отырып, оқушының танымдық ойының даму қозғалысын қамтамасыз етеді. Мұғалім оқытудың табысты өтуіне жағдай жасайды. Яғни, қойылған талаптарға сәйкес мазмұн таңдайды, оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі түрлерін қолданады; соның көмегімен оқушының қызметіне айналатындай әртүрлі әдістерді пайдаланады.

2 Заманауи сабақты жобалаудың құрылымы

Сабақ оқытудың ұйымдастырылған түрі ретінде – динамикалық құбылыс. Ол педагогикалық үдерістің негізгі даму тенденцияларын оның біртұтастығы бағытында бейнелей отырып, ұдайы дамиды. Бәрінен бұрын ол оқытудың үш бірлік (білім беру, тәрбие, даму) қызметін тиімді іске асыруда көрінеді, олай болса, оқушылардың шығармашылығын дамытуға бағытталғандығымен көрінеді.

Қазіргі педагогика ғылымында заманның талабына сай жаңартуды қажет ететін негізгі мәселелерінің бірі – сабақтың түрлері. Сабақтарды негізгі дидактикалық мақсаттарға (жаңа білімді беру, игерілген білім мен дағдыны пысықтау, қайталау, білімді тексеру) немесе оқу үрдісінің негізгі деңгейлеріне қарай топтаумен қатар сабақтар оларды өткізумен және ұйымдастыру әдістеріне қарай топталатыны белгілі.

Сабақтардың негізгі міндетіне сәйкес сабақтардың негізгі түрлері бар. Мысалы, жаңа материалды оқып-үйрену сабақтары, тәжірибелік шеберліктер мен дағдыларды қалыптастыру, қайталау және қорыту сабақтары, оқушылардың білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын тексеру сабақтары және т.б.

2-кестеде басты дидактикалық мақсаттар мен олардың жалпы жүйесінде сабақтың алатын орнының негізінде сабақтың бес типі көрсетілген [6].

2-кесте - Сабақтар классификациясы

Сабақтың мазмұны	Сабақтың құрылымы
1	2
<i>1. Жаңа білімді меңгеру сабағы</i>	
Оқушыларға жаңа материалды беру	- ұйымдастыру кезеңі; - білімді тиянақтау; - жаңа білімді қалыптастыру; - алғашқы түсінікті негіздеу; - сабақты қорытындылау; - үй жұмысын беру
<i>2. Білік пен дағдыны қалыптастыру сабағы</i>	
Алынған білімді ұғыну, білік пен дағдыны негіздеу, игерілген білімді қолдану	- ұйымдастыру кезеңі; - теориялық білімді еске түсіру; - ауызша және жазбаша тапсырмаларды, практикалық жұмыстарды орындау; - орындалған жұмыстарды тексеру; - сабақты қорытындылау, үй жұмысын беру
<i>3. Құрамдастыру сабағы</i>	
Жаңа материал, алынған білімді алғашқы ұғыну, білік пен дағдыны алғашқы қалыптастыру, оларды дәлелдеп түзету	- ұйымдастыру кезеңі; - үй жұмысын тексеру; - жаңа білімді қалыптастыру; - білімді тиянақтау және тапсырмаларды орындау; - игерілген білім, білік пен дағдыны негіздеу; - сабақты қорытындылау, үй жұмысын беру

2-кестенің жалғасы	
1	2
4. Жалпылау және жүйелеу сабағы	
Негізгі сұрақтар мен бағдарламаның тақырыптары бойынша оқу материалын ірі топтама бойынша жүйелеу және қайталау, меңгерілген тақырыптардың (тақырыптың) немесе курстың маңызды жақтарын ашу	- ұйымдастыру кезеңі; - мұғалімнің кіріспе сөзі; - ауызша және жазбаша тапсырмаларды орындау; - сабақты қорытындылау, үй жұмысын беру
5. Бақылау сабағы	
Оқушының білім жетістігін бағалау	- ұйымдастыру кезеңі; - тапсырмаларды орындау; - сабақты қорытындылау, үй жұмысын беру

Сабақ құрылымы – бұл оқыту барысында пайда болатын сабақ элементтерінің арасындағы әртүрлі байланыстар жиынтығы және осы сабақтың қызметін қамтамасыз етеді.

Ғылыми ақпарат көлемінің зор болуы мен оқыту уақытының шектелгендігін қазіргі кезде сабаққа деген ең басты талаптардың бірі мазмұнды беру мен оқытудың әдістерін анықтау болып табылады. Бұл талап әрбір сабаққа қатысты.

Сабақ құрылымының тиімділігін мыналар қамтамасыз етеді:

- оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін кешенді түрде жоспарлау;
- сабақ құрылымының негізгі мен маңыздысын ажырату;
- материалдың реті мен көлемін және қайталауға, жаңа материалды игеруге, пысықтауға, үй жұмысына жіберілетін уақытты тиімді анықтау;
- оқытудың ең тиімді әдістерін, тәсілдерін және құралдарын таңдау;
- саралау және жеке тұлғалық тәсіл;
- оқытудың қажетті оқу-материалды жағдайларын жасау.

Қазіргі кездегі оқытудың моделінде сабақ құрылымы келесі функцияларды атқарады:

- жаңа материалды игеру сабағының құрылымы;
- білім, білік және дағдыны негіздеу мен дамыту сабағының құрылымы;
- қайталау сабағының құрылымы;
- оқушының оқу жетістігін анықтау сабағының құрылымы;
- білім, білік және дағдыны қолдану сабағының құрылымы;
- қайталау және жалпылау сабағының құрылымы.

Оқыту процесін жеделдету мен оңтайландыру сабақтың тиімді құрылымын практикаға енгізуді ұйғарады. Сабақтың құрылымын талдаудан қорытынды шығара отырып, аралас сабақты құрылымдауды келтірейік (3-кесте).

3-кесте - Аралас сабақты құрылымдау

Білімдік мақсаттар	Орындау әдістері мен тәсілдері
1	2
Ұйымдастыру кезеңі	
Сәлемдесу, сабаққа дайындықты тексеру, зейінді сабаққа бағыттау	Кезекшінің есебі, сабаққа келмеген оқушыларды белгілеу

3-кестенің жалғасы	
1	2
<i>Үй тапсырмасының орындалуын тексеру</i>	
Үй тапсырмасының дұрыс және толық орындалуын, түсініктілігін анықтау; тексеру барысында анықталған кемшіліктерді жою	Тест тапсырмалары, қосымша сұрақтар, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар
<i>Оқушыларды негізгі кезеңде жұмыс істеуге дайындау</i>	
Уәждемені қамтамасыз ету, баламен жеке жұмыс атқару тәжірибесін маңыздандыру	Ойлау әрекетінің технологиялық картасын қолдану арқылы проблемалық тапсырма және жаңа ой тудыратын сұрақ ретінде сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.
<i>Жаңа білім мен тәсілдерді меңгеру кезеңі</i>	
- игерілетін материалды қабылдауды, ой желегінен өткізуді және есте сақтауды қамтамасыз ету; - нақты таңдауға жетуге жағдай жасайтын тәсілдерді қабылдауға ықпал ету	- анықтамамен жұмыс; - ұқсас жағдайларды қолдану; - негізгі материалды бір мезгілде сөз және белгілер түрінде ұсыну, игерілген материалды салыстырмалы және жіктелген кестелер түрінде ұсыну, оқытудың әңгіме, баяндама, хабарлама, модульдық оқыту, компьютерлік оқулықты қолдану, проблемалық оқыту, ұжымдық оқыту, құрылымдық-логикалық сызба құрастыру түрлерін қолдану
<i>Жаңа материалды қабылдау бойынша алғашқы тексеру</i>	
Жаңа материалды қабылдауын анықтау, кемшіліктерді көрсету және оларды жою бойынша жұмысын жүргізу	Тірек мәтін, жаңа материал бойынша оқушылардың өз сұрақтары мен мысалдарын дайындауы
<i>Жаңа білім мен қызмет тәсілдерін пысықтау кезеңі</i>	
Пысықтау барысында жаңа материалды түсіну мен ой елегінен өткізу деңгейін жоғарылатуды қамтамасыз ету	Ұқсас тапсырмаларды қолдану, сұрақ-жауап арқылы сөйлесу, оқушылардың өз тапсырмаларын құрастыруы
<i>Білімді және қызмет тәсілдерін қолдану</i>	
Білімнің және іс-әрекет тәсілдерінің меңгерілуін олардың әртүрлі жағдаяттарда қолдануын қамтамасыз ету	Әртүрлі деңгейдегі өздік жұмыстары, іскерлік ойындар, оқу жағдаяттары, топтық жұмыс, пікір талас
<i>Қорытындылау және жүйеге келтіру</i>	
Оқушылардың негізгі білімдерінің біртұтас жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ету, пәнішілік және пәнаралық байланысты қамтамасыз ету	«жаңа материалдың сызбасы», «тақырып», «тақырыптың тапсырмаларын» құрастыру
<i>Білім мен қызмет тәсілдерін бақылау және өзін-өзі бақылау</i>	
Білім мен қызмет тәсілдерін меңгеру деңгейі мен сапасын анықтау	Әртүрлі деңгейдегі өздік және бақылау жұмыстары, тест тапсырмалары, нақты ерекшеліктерді анықтауға арналған тапсырмалар, бір тапсырманы орындаудың бірнеше жолдары, қарама-қайшы деректері бар тапсырмалар (бағалау қабілеттері)
<i>Үй тапсырмасы туралы ақпарат</i>	
Оқушылардың жаңа материалдың мақсаты мен мазмұнын және үй тапсырмасын орындау тәсілдерін түсінуін қамтамасыз ету	Үй тапсырмасын беруде үш деңгейді (стандартты минимум, жоғары, шығармашылық) ескеру

3-кестенің жалғасы	
1	2
<i>Сабақты қорытындылау</i>	
Сыныптың және жекелеген оқушылардың жұмысына баға беру	Мұғалімнің сабақты қорытындылау бойынша хабарлауы, қорытындыны оқушылардың өздерінің жасауы
<i>Рефлексия</i>	
Оқушылардың психологиялық-эмоционалдық жағдайларына байланысты рефлексия жасауы, өздігінен жұмысты орындауға, мұғаліммен және сыныптастарымен қарым-қатынасқа ынталандыру	Жеделхат, аяқталмаған сөйлем, координаттар арқылы қорытынды шығару

Сабаққа шығармашылықпен қарайтын мұғалім ең алдымен сабақтың дидактикалық мақсаты мен оқу материалының мазмұнына сәйкес сабақтың алуан түрлерін алма-кезек ауыстырып өткізеді.

Біртұтас дидактикалық жүйенің оқыту үдерісіндегі сабақтың мәні мен мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық-жекелей өзара қарым-қатынасына алып келеді. Осының нәтижесінде оқушылардың білім, білік және дағдысы қалыптасады, олардың қабілеттері мен қызмет тәжірибесі, көзқарастары дамиды, мұғалімнің педагогикалық шеберлігі жетіледі.

Сабақ, бір жағынан, тұтастай алғанда оқытуды қозғаушы форма түрінде, екінші жағынан, оқытудың заңдылықтары мен принциптерінен туындайтын, мұғалімнің сабақты өткізуді ұйымдастыруына қойылатын негізгі талаптарымен анықталатын оқытуды ұйымдастыру формасы түрінде анықталады. Мұғалім осы талаптарды басшылыққа ала отырып, сабақты оқыту үдерісінде оқушылардың тұрақты құрамымен мектептің күнделікті нақты жағдайында шешілуге тиісті дидактикалық міндеттердің (білім беру, тәрбие, даму) жүйесі ретінде дайындайды.

Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру формасы ретіндегі сабақтың артықшылықтары оның фронтальды, топтық және жекелей жұмыстарды сабақтастырудағы мүмкіндігінің молдығында; мұғалімге материалды жүйелі және ретімен түсіндіруге, оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуын басқаруға және ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді, оқушылардың басқа да қызмет түрлерін, соның ішінде сыныптан тыс және үй тапсырмаларын атқаруын ынталандырады; оқушылар сабақта тек білім, білік және дағды жүйесін ғана емес, сонымен қатар танымдық қызмет әдістерінің өзін де иемденеді; сабақ педагогикалық қызметтің мазмұны мен әдістері арқылы тәрбиелік міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді [7].

Мұғалім сабақ оқыту кезінде бірнеше міндет қояды. Атап айтқанда, оқушыларға жаңа білім беру, олардың ойлауы мен танымдық қабілетін дамыту, ғылыми көзқарасын қалыптастыру, қызметіндегі шеберліктер мен дағдыларды қалыптастыру, бұрын өтілген материалды қайталау, оқушылардың үлгерімін анықтау және тәрбиелік жұмыстардың сипатын байқау. Сабақта осылардың біреуі міндет болуы мүмкін.

Оқушылардың сабақтағы жұмысын ұтымды үйлестіру мен ойлау қабілетін есепке алу бірімен-бірі қатар жүргізіліп отыруы тиіс. Үйлестіру мен есепке алудың бірізділігі сабақтың құрылымын анықтайды. Мектептерде ұзақ уақыт бойы сабақтың төрт элементті (үй тапсырмасын сұрау, жаңа материалды үйрету және оны бекіту, соңында үйге тапсырма беру) құрылымы қалыптасқан. Мұндай типтегі сабақтардың өзіндік кемшіліктері анықталған. Шынында, мұндай сабақтарда уақыттың көбі оқушылардың білімін тексеруге, бір бөлігі - мұғалімнің жаңа материалды баяндауына кетеді де, оқушылардың өз білімдерін іс жүзінде қолданып жаттығулар орындауына уақыт аз қалады. Оның үстіне оқушылардың зейіні мен жұмыс істеу қабілетінің ең өнімді кезеңі сабақтың алғашқы 20-25 минут мөлшерінде өтеді. Ал нақ осы уақыт үй тапсырмасын сұрауға дәл келеді де, жаңа материал оқушылардың жұмыс қабілеті төмендеген кезде беріледі. Сондықтан сабақ құрылымының неғұрлым тиімді жолдарын қарастыру керек.

Мұғалімнің сабаққа дайындығы өзара байланысқан екі кезеңнен қалыптасады: тақырыптар бойынша сабақтар жүйесін жоспарлау және осы жоспарлауды әр сабақта жүзеге асыру.

Тақырыптық жоспарлау сабақ жүйесінде оқу-тәрбие үдерісін және тақырып бойынша сабақтан тыс немесе оқу бағдарламасының білім беру, дамыту және тәрбиелеу қызметінің тиімді жолдарын анықтап жүзеге асыруға арналған.

Тақырыптық жоспарлаудың табысты болуы мұғалімнің оқушылар нені дұрыс түсініп, немен танысып, нені біліп, не істеу керектігін және т.б. сезінуіне байланысты. Сондықтан тақырыпты жоспарлау мұғалімнің пән бойынша оқу бағдарламасын, оқу стандарттарын, оқушыларды тәрбиелеу және дамыту мақсатында тақырып бойынша дидактикалық есептердің шешімін дұрыс тандауынан басталады.

Тақырыптық жоспарда сабақтың жүйелілігі, негізгі тараулары және сабақта орындалатын жұмыс түрлері, пәнаралық байланысы мен әр сабақты көрнекіліктермен қамтамасыз ету қажеттілігі көрсетіледі және тақырыптық жоспарлар үлгі ретінде беріледі.

Жоспарлау кезеңі мұғалімнің қызметінде қандай талаптарды шешуі керектігіне байланысты стратегиялық, тактикалық және күнтізбелік, тақырыптық немесе сабақ жоспарларын жасаумен анықталады. Жоспарлауды, конспект-жоспарларды немесе конспектілерді жасау педагогтің тәжірибелігін және шеберлік деңгейін анықтайды және ұзақ жұмысты талап етеді. Ол: оқушының бастапқы дайындық деңгейін талдауды, оқыту мүмкіндіктерін әдістемелік қамтамасыз ету және материалдық базасының жағдайын, өзінің жеке кәсіби мүмкіндігін, сыныптың ұжым ретінде қалыптасуын және сабақтың дидактикалық мақсатына сәйкес нақты білім беру, тәрбие және дамыту талаптарын анықтауды, мазмұнды таңдау, сабақтағы нақты жұмыс түрін, өзінің және оқушылардың қызметін жүргізу әдістері мен түрлерін ойластыру; нәтижелерге жетудегі кездесетін қиындықтарды болжау; көрнекілік пен техникалық оқыту жабдықтарын, тарату материалдарын пайдалану тәсілдері мен орнын анықтауды; өздігінен жұмыстың мазмұны мен оны ұйымдастыруды

ойластыруды; оқушылардың белсенділігін арттыру тәсілдерін, үй тапсырмаларының түрлерін жинақтайды.

Оқушылардың қызметін ұйымдастыру оқушылардың алдына оқу міндеттерін қоюдан және оны орындауға қолайлы жағдай туғызудан тұрады. Бұл ретте нұсқаулық қызметтерін бөлу, алгоритмдерді ұсыну және басқа да тәсілдер қолданылады. Қазіргі дидактика танымдық міндеттердің келесі ережелерін ұсынады:

- танымдық міндет білім жүйесі мен мазмұн логикасы сақталуы үшін мәндік мазмұннан шығуы керек;
- міндеттерді орындауға нақты жағдай жасалуы үшін оқушының даярлығы мен даму деңгейі ескерілуі қажет;
- талап өзіне ойды, елестетуді, шығармашыл принциптерді дамытуға қажетті ақпаратты жинақтауы керек;
- оқушының пәндік қызметін атқаруға оң мотивация жасауы қажет;
- оқушыларды тапсырманы орындауға үйрету, оларды әуелі мұғаліммен, сонан соң ұжымдық жұмыста, бірте-бірте өздігінен жеке қызмет жоспарына көшіре отырып, қажетті тәсілдермен қаруландыру керек.

Сабақ беру оқыту үдерісін үздіксіз ағымдағы бақылау негізінде реттеуді және тиянақтауды көздейді, яғни оқушының оқуы жөнінде және жеке қызметінің әдістері мен тәсілдерінің тиімділігі жөнінде ақпарат алу. Қарапайым бақылау, жазбаша және ауызша сұрақ, сыныппен және өздігінен үй жұмыстарын тексеру және басқа да әдістер мен тәсілдер түрінде атқарылатын ағымдағы бақылаудың нәтижесін мұғалім тікелей сол сабақта да, алдағы сабақтарда да ескереді. Бұл оқу жұмысының қарқынын баяулатуы немесе жеделдетуі, ұсынылатын жұмыс түрлерінің көлемін азайтуы немесе көбейтуі, материалдарды түсіндіру тәртібіне өзгеріс енгізуі, бағыттаушы сұрақтар мен қосымша түсініктемелер, қиыншылықтарды ескерту және басқалар болуы мүмкін. Мұғалім қызметінің бұл кезеңінде оқушының дербестігі мен белсенділігін ынталандыру басты орын алады.

Оқыту үдерісін ынталандыру құралдарын пайдаланып реттеу мен нақтылау тек қана жігерлендіру, оқу мүмкіндіктеріне сенімділік ұялату, болашаққа ұмтылыс сияқты бағалаудың ойлап табылған жүйесі арқылы ғана емес, сонымен қатар, әсіресе, бастауыш және орта сыныптарда бағалар жүйесін қолдану арқылы да қамтамасыз етіледі. Көптеген ынталандыру мүмкіндіктері педагогикалық қызметтің әдістері мен түрлерінде орын алады (оқу пікірталастары, конференциялар, рефераттарды талқылау, оқытудың жұптық-топтық тәсілдері, өзара тексеру және тағы басқалар).

Оқытудың тұтастай алғандағы педагогикалық үдеріс сияқты шарықтау кезеңі педагогикалық міндеттерді шешу нәтижесін талдау болып табылады. Ол білім беру, тәрбие және даму мақсаттарының бірлескен жетістіктер, сондай-ақ оларға жету шарттары мен тәсілдері тұрғысынан іске асады. Бұл ретте қажетті нәтижеге оқушыны, сондай-ақ мұғалімді де шамадан тыс жүктеу арқылы жетуге мүмкін екендігін ескере отырып, оңтайлылық принципі талаптарынан шығу керек. Талдау оқыту кемшіліктерінің себептерін, жетістіктердің негізін анықтау, оқыту шеңберіндегі педагогикалық өзара ықпал етудің алдағы

жолдарын белгілеу керек.

Оқу қызметін қалыптастырудың соңғы мақсаты оқушының оның субъектісі ретінде қалыптасуы, оқушының мақсат қоя алатын, міндеттерді шешуге қажетті білім мен қызмет тәсілдерін өзекті ететін; өз қызметін жоспарлай алатын, жоспарды іске асыруды ықшамдауды, қол жеткізген нәтижені қойылған талаппен салыстыру, яғни сабақтың міндеттерін өздігінен атқара алатын даму деңгейіне жетуі болып табылады.

Орынды ұйымдастырылған сабақтың құндылық, оқытушылық, дамытушылық, тәрбиелік мәні болады. Мысалы, логикалық түрде байланысқан сабақтардың ойластырылған жүйесі оқушылардың өздігінен орындау жұмысын ұйымдастыруға, интеллектуалды еңбектің білігі мен дағдысына, оны ғылыми ұйымдастыруға үйретеді. Сабақтағы мазмұнды байытылған шығармашылық жұмыс оқушының санасы мен бойында қалыпты жұмыс жағдайын қалыптастырады. Сабақ негізіндегі осындай психикалық жағдай үнемі қабылданады және барлық психикалық қасиеттердің танымдық қызметіне өнімді енгізудің басты шарты болып табылады. Сонымен қатар сабақтағы қауырт қызмет оқушыны шыңдайды, оларды еңбек сүйгіштікке, жауапкершілікке және басқа да жеке тұлғаның маңызды адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелейді.

Тәжірибелі ұстаздар әрбір сабақты, міндетті түрде барлық оқушылардың материалды игеретіндей етіп жоспарлайды. Бұл мақсаттарда мазмұнының ерекшеліктеріне, әдістердің өзгешелігіне және оқушылардың даму деңгейіне сәйкес әртүрлі сабақтар қажет. Оларда құрама сабақтың орнына жаңа білімді білдіру, білік, дағдыларды қалыптастыру, қайталау, бекіту, шығармашылық жұмыстарды орындау бойынша сабақтар болады. Әртүрлі сабақтарда оқушылардың табысты ілгерілеуін ескеріп озық педагогтар ұжымдық оқыту үдерісінде оқушыларды деңгейлік тапсырмалармен қамтиды. Бұл оқушыларға әртүрлі деңгейдегі материалды игеруге, мұғалімнің басшылығымен жұмыс істеуден өздігінен оқу және өздігінен білім алуға көшуге көмектеседі.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, сабақтың негізгі дидактикалық құрылымы сабақтың күнделікті жоспар-конспектісінде көрсетілетінін айта кеткен жөн. Бірақ, қазіргі кезде дүниежүзілік тәжірибеде күнделікті сабақ жоспарынан тақырыпты жобалауға ауысу жүзеге асуда. Тақырыпты жобалау сабақтың технологиялық картасын әзірлеу арқылы жүргізіледі. Сабақтың технологиялық картасы – бұл әдістемелік өнімнің жаңа түрі, ол мектептегі оқу курстарының тиімді және сапалы оқытылуын, сонымен қатар мемлекеттік стандарттарға сәйкес білім бағдарламаларының жоспарланған нәтижесіне жету мүмкіншілігін қамтамасыз етеді. Технологиялық картаны қолдана отырып оқыту оқу процесін тиімді ұйымдастыруды, пәндік, метапәндік және тұлғалық біліктерді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, мұғалімнің сабаққа дайындалуға кететін уақытын қысқартады [8-9].

Технологиялық картаны қолдану жобалаудың мәні ақпаратпен жұмыс жасаудың инновациялық технологияларын пайдалану, тақырыпты меңгеруі бойынша оқушыға арналған тапсырмалардың сипаттамасын беру, білім берудің болжалды нәтижелерін жобалау болып табылады.

3 Сабақты ұйымдастырудың жаңа технологиялары

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген [10].

Оқыту түрі – бұл оқыту және оқып-үйрену қызметтерінің ерекшелігіне орайластырылған жалпылама сипаттағы білім игеру жүйесі, яғни оқу процесіндегі мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, қолданымдағы оқу құрал-жабдықтары, әдістері және формаларының атқаратын міндеттері.

Оқыту түрі өз негізіне алынған *педагогикалық технология* сипатымен анықталады.

Дәстүрлі: (Түсіндірме-көрнекілі, ақпарат жеткізу) оқыту түрі. Мұндай оқуда мұғалім ауызекі сөзбен көрнекі құралдарды қолдана отырып, оқушыларға дайын материалды ұсынады, шәкірттер ақпаратты сол күйінде қабылдайды, қайталап айтып береді.

Проблемалық оқытуға ұстаз басшылығында сабаққа байланысты мәселелерді шешу үшін оқушылардың өз бетінше оқу-ізденіс қызметтері ұйымдастырылады. Бұл оқу түрінің тиімділігі көптарапты: жаңа білім, білік, дағды қалыптасады, балалардың қабілеті, белсенділігі, танымдық қызығушылығы, шығармашыл ой-өрісі және басқа да тұлғалық маңызды сапа-қасиеттері дамиды.

Дамыта оқыту түрі оқушылардың білім, білік және дағдыларының күннен күнге арта түсуіне қажет ішкі психологиялық жағдаяттардың (зейін, түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу және т.б.) жетілуін қамтамасыз етеді. Оқу жедел қарқынмен жоғары деңгейде жүреді, білім игеру процесі саналы, мақсатты және жүйелі құрылып, негізінен, теориялық ақпарат, мәліметтерді меңгеруге бағытталады.

Шығармашыл (эвристикалық) – оқу проблемалық және шығармашыл оқудың басты принциптеріне негізделеді. Бұл оқуда оқушының білімдік табыстары белгіленген ғылыми білімдер кеңістігіндегі оның тұлғалық шығармашыл қабілеттерінің өзінше іске қосылуымен тікелей байланысты. Осыдан, мұғалім міндеті – баланың барша ұнамды адами қасиеттерінің (нышан, талант, дарын, т.с.с.) оянуына ат салысып, оларды білім игеру процесіне қоса білу.

Тұлғаға бағдарланған оқыту мәні – білімдену бағдарламалары мен оқу процесі әр оқушының жеке өзіне тән танымдық ерекшеліктерін ескерумен түзіледі әрі іске қосылады.

Компьютерлі оқу және оқыту қызметтері электронды есептеу машиналарының кері байланысты оқыту – бақылау бағдарламаларына негізделеді. ЭЕМ оқу процесіндегі білім мазмұнының игеріліп жатқандығы жөнінде кері ақпараттың дәл әрі молдығынан даралықты оқуды күшейтеді.

Модульді оқытуда – білімдік ақпараттың шағын дидактикалық бөлшегінің

– модульдің көп тарапты қызметтер атқаруынан білім мазмұнының тұтастай игерілуін қамтамасыз етуге болады.

Қашықтықтан оқыту түрі қазіргі заман телебайланыс жүйесін пайдаланумен көзделген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Кіріктіріп (пәнаралық) оқыту – сыбайлас білім салаларындағы пәнаралық және пәнішілік байланыстарды іске асыруға бағыттталып, біріктірілген оқу пәндерін меңгеруді көздейді.

Оқытудың жаңа технологиялары педагогикалық іс-әрекетті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретінде тимді пайдалану оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жақсарту, жеке тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге септігін тигізеді.

Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлығына көңіл бөлінуі тиіс.

Жаңа технологиялардың пайда болуы және оларды іске асыру әрекеті оған тән құралдар мен механизмдерді өзгертіп қана қою емес, құндылықтар бағытын, білім, білік, дағдыны қалыптастыру сипатталады. Білім берудегі жаңа технологиялардың негізгі сипаты - ізгілендіру. Білімдік технологиялар жеке тұлғаны ұйымдастыруға бағытталады, онда жеке пәндердің білімдік дәрежесі өзгеріп, олар қоршаған ортаны танудың құралына айналады, оқушылардың дүниетанымы кеңейеді, дамиды. Мұндағы басты мәселе білім мазмұнын байытуға бағыттталған белсенді танымдық әдістерді қалыптастыратын жаңа технологияларды жасап, оны тәжірибеге ендіру.

Сонымен технология дегеніміз:

- біріншіден, қайта құру мен өңдеу процесі нәтижесінде алынатын дайын өнім;

- екіншіден, осы процестің нормативтік жағы оның іске асуы.

Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады.

I кезең – оқып үйрену.

II кезең – меңгеру.

III кезең – өмірге ендіру.

IV кезең – дамыту.

Зерттеуші-ғалым В.П. Беспалько: «Педагогикалық технологияны оқушының жеке тұлғалық қалыптасу процесінің жалпы жобасы оқыту мақсаттарына жетудің кепілі», - десе [11], ал, А.Я. Савельев оқыту технологиясын оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұнын іске асыратын құрал ретінде қарастырады [12].

Оқыту технологиясын жобалау мәселесі, оқыту әдістерін таңдау дидактика үшін өте маңызды. Әдістерді таңдауда белгілі дидакт Ю.К. Бабанскийдің ұсынған өлшемдерін басшылыққа алуға болады.

- оқыту әдістерінің оқыту қағидалары мен заңдылықтарына сәйкестік өлшемі;

- оқыту әдістерінің оқу материалдарының мазмұнына, оның өзіндік ерекшелігіне сәйкестік өлшемі;

- әдістерді таңдауда оқушылардың мүмкіншіліктерін ескеру өлшемі [13].

Педагогикалық технология өзінің айқын түсініктілігімен, мұғалім меңгеруіне жеңілділігімен, оқыту процесінде қолдану тиімділігімен және әмбебаптылығымен ерекшеленеді. Сонымен, педагогикалық технология оқытудың тиімді жолдары арқылы оқыту процесінде қолданылатын әдістер, тәсілдер мен қағидалар іріктеу болып табылады.

Педагогикалық технологияны іске асыру барысында төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру қажет деп санаймыз:

- мұғалімнің педагогикалық кәсіби іс-әрекетіне деген сенімділігі, шығармашылық шеберлігі;

- оқушылардың тұлғалық-бағдарлы дамуының ескерілуі;

- оқу процесінің кез-келген кезеңіндегі оқушы дайындығының іске асырылуы мен кепілдігінің міндеттілігі;

- оқыту технологиясында пайдаланылатын педагогикалық ақпараттың міндеттілігі;

- оқушылардың білімді меңгерудегі танымдық қызығушылығы мен қажеттілігінің ескерілуі;

- оқушыларды өздіктерінен қорытынды жасауға, белсенді іс-әрекетке ұйымдастыру;

- оқу процесін жобалағанда іс-әрекеттің, оқу материалы мен оқыту материалының дәлелділігінің бірлігі;

- оқыту процесінің жобалау технологиясы негізінде іске асырылуы;

- оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру;

- шығармашылық іс-әрекетті нәтижеге жеткізу.

Оқушыларды жекелеп оқыту мәселесін жете зерттеген ғалымдардың бірі- И.Э. Унттың ойынша, оқушыларды жекелеп оқыту абсолютті емес, шартты түрде ғана жүзеге асырылатынын ескертті. Оның пікірінше, оқушыларды жекелеп оқыту сынып-сабақ жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты шартты болып табылады: әдетте жеке оқушының емес, шамамен ұқсас ерекшеліктері басым оқушылар тобының дербес ерекшеліктері ескеріледі, тек таныс ерекшеліктер немесе оқу үшін маңызды болып табылатын таныс ерекшеліктердің жиынтығы ескеріледі [12].

Сондай-ақ, В.М. Монахов жекелеп оқытудың үш аспектісін бөліп көрсеткен:

- 1) психологиялық тұрғыда жекелеп оқыту баланың талабын анықтауға оңтайлы жағдай жасауға негізделеді;

- 2) әлеуметтік тұрғыда ол интеллектуалды, шығармашылық әлеуетті ұйымдастыруға ықпал етеді;

- 3) дидактикалық тұрғыда мектептегі жетілген проблеманы шешуде дифференциялап оқытудың жаңа жүйесін жасаумен сәйкес келеді [14]. М.В. Кларин дифференциялау оқушыларды әртүрлі профильде оқыту үшін топтарға бөліп, біркелкі емес, типтік мектептерде оқытуды көздейдейтінін айтқан [15].

Проблемалық оқыту Д. Дьюидің (1859-1952) теориялық қағидаларына негізделеді.

Проблемалық оқыту дегеніміз -мұғалімнің басшылығымен проблемалық ситуацияларды туғыза отырып, оны шешу жолында оқушылардың белсенді

дербес іс-әрекетін ұйымдастыру, мұның нәтижесінде кәсіби білім, білік, дағдыларды шығармашылықпен игеру, ақыл-ой қабілеттерінің дамуы іске асады. Проблемалық оқытудың қазіргі технологиясына тоқталсақ, білім берудің болашағы проблемалық оқытумен тығыз байланыста. Проблемалық оқытудың мақсаты ауқымды: ғылыми таным нәтижелерін меңгеріп қана қоймай, оны алудың жолдарын игеру; оқушының танымдық дербестігін ұйымдастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту; білім, білік, дағды жүйелерін меңгеру және дүниетанымды ұйымдастыру.

Проблемалық оқыту дегеніміз дидактика мен алдыңғы қатарлы педагогикалық практиканың қазіргі даму деңгейі оқу үрдісін ұйымдастыру проблемалық принципке негізделеді, сондықтан оқыту проблемалық деп аталады, оқу проблемалары жүйелі түрде шешіліп отырады. Педагогикалық әдебиеттерде бұл құбылыстың бірнеше анықтамалары бар. Айталық, проблемалық ситуация мен оқу проблемасы проблемалық оқытудың негізгі ұғымдары. Оқу проблемасы ақыл-ой ізденісінің бағытын анықтайтын, қызығушылықты оятатын меңгеру үрдісінің логикалық-психологиялық қарама-қайшылықтарының көрінісі. Оқу проблемасының екі негізгі функциялары бар:

1. Ақыл-ой ізденісінің бағытын анықтау, яғни оқушының проблеманы шешудің амалдарын іздестіруі.

2. Оқушының жаңа білімді меңгерудегі танымдық қабілеттерін, қызығушылығын, іс-әрекет мотивтерін ұйымдастыруы.

Мұғалім үшін бұл құрал оқушының танымдық іс-әрекетін басқарып, оның ойлау қабілеттерін қалыптастырады. Оқушының іс-әрекетінде ақыл-ой қабілеттері жанданады, білімі толығады. Әдістемелік ерекшеліктеріне қарай: мақсатты; ойланбаған жерден; проблемалық мазмұндама; эвристикалық әңгіме; проблемалық қойылымдар; проблемалық ойындық жағдаяттар; зертханалық зерттеу жұмысы; проблемалық жаппай эксперимент; проблемалық ойлау эксперименті; проблемалық есеп шешу; проблемалық тапсырмалар болып бөлінеді. Проблемалық әдістердің ерекшелігі сонда, олар проблемалық жағдаяттарды жасауға, оқушылардың танымдық белсенділігін оятуға, білімді, талдауды, білікті көкейкесті, заңды етуге негізделген. Проблемалық оқытудың қазіргі теориясында проблемалық ситуацияның екі түрі бар: психологиялық және педагогикалық. Біріншісі оқушылардың іс-әрекетіне, екіншісі оқу процесін ұйымдастыруға байланысты.

Педагогикалық проблемалық жағдаяттар белсенді әрекет барысында, танымдық жаңалығын, маңыздылығын баса көрсететін мұғалімнің қоятын сұрақтарының көмегімен туады. Психологиялық проблемалық жағдаяттардың тууы таза жеке тұлғаға байланысты. Проблемалық жағдаяттар оқу процесінің барлық кезеңдерінде түсіндіру, бекіту, бақылау барысында туады. Мұғалім ерекше әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып проблемалық жағдаяттарды тудырады:

- мұғалім қарама-қайшылықты тудырады да, одан шығудың жолын табуды оқушылардың еншісіне қалдырады;
- практикалық іс-әрекетте қарама-қайшылық тудырады;
- бір сұраққа әртүрлі көзқарас білдіреді;

- оқушыларды салыстыруға, топшылауға, фактілерді сәйкестендіруге итермелейді;

- анық сұрақтар қояды (негіздеуге, айғақтауға, логикалық талқылауға);

- проблемалық теориялық және практикалық тапсырмаларды анықтайды;

- проблемалық тапсырмалар қояды (әдейі қате жіберілген, уақыты шектелген, сұрағы анық емес және т.б.).

Проблемалық оқытудың жалпы функциялары:

- оқушылардың білім жүйесі мен ақыл-ой және практикалық іс-әрекет амалдарын меңгеруі;

- оқушылардың танымдық дербестігі мен шығармашылық қабілеттерінің дамуы;

- оқушылардың дүниетанымының негізгі болып табылатын диалектикалық – материалистік ақыл-ойының қалыптасуы.

Арнаулы функциялар:

- білімді игерудің шығармашылық дағдыларын тәрбиелеу (логикалық тәсілдерді, жеке амалдарды пайдалану);

- білімді шығармашылықпен пайдалану дағдыларын тәрбиелеу (игерілген білімді жаңа жағдайда пайдалана алу) және оқу проблемаларын шеше алу;

- шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін ұйымдастыру және молайту (ғылыми зерттеу әдістерін меңгеру, практикалық проблемаларды шешу).

Проблемалық оқыту барлық жағдайда бірдей тиімді бола алмайды. Практикада көрсетілгендей проблемалық оқыту үрдісі танымдық белсенділікті дамытуда, жаңа білімді меңгеруде оқушылардың әртүрлі білім деңгейін көрсетіп отыр. Шығармашылықтың түріне сәйкес проблемалық оқытудың үш түрін бөліп айтуға болады.

Біріншісі, теориялық шығармашылық оқушының өзі үшін жаңа ережені, заңды, теореманы ашуы. Мұның негізінде теориялық оқу проблемаларын қою және оны шешуден тұрады;

Екіншісі, практикалық шығармашылық оқушының меңгерген білімін жаңа жағдайда қолдануы, құрастыруы, ойлап табуы негізінде практикалық оқу проблемаларын қою және оны шешуі;

Үшіншісіне, көркемдік шығармашылық қиял негізінде болмысты көркем бейнелеу, оған әдеби шығарма, сурет салу, музыкалық шығарма жазу, ойын және т.б. енеді.

Проблемалық оқытудың барлық түрі оқушы іс-әрекетінің шығармашылығымен, проблеманы шешудегі ізденіспен сипатталады. Мұғалім мен оқушының өзара әрекетінің сипатына қарай проблемалық оқытудың төрт деңгейін анықтауға болады:

- өзіндік емес белсенділік деңгейі – оқушылардың мұғалімнің түсіндіруін қабылдауы, проблемалық ситуация жағдайында ақыл-ой әрекетінің үлгісін меңгеру, оқушының өзіндік жұмысты орындауы, ауызша жауап;

- жартылай өзіндік белсенділік деңгейі – меңгерген білімді жаңа ситуацияда қолдана алу, мұғалімнің қойған проблемасын шешу;

- өзіндік белсенділік деңгейі – оқушы тапсырманы өзі орындайды, жаңа ситуацияда қолданады, құрастырады, күрделілігі орта деңгейдегі есептерді

шығарады, жорамалдарды дәлелдейді;

- шығармашылық белсенділік деңгейі – шығармашылық қиялды, логикалық талдауды қажет ететін өзіндік жұмыстарды орындайды, жаңа амалдарды ашады, дербес шешім шығарып топшылайды, көркем шығармалар жазады.

Бұл көрсеткіштер оқушылардың ой-өрісі дамуының деңгейін сипаттайды. Баланың шығармашылық қабілетін дамытудың негізгі жағдайларының бірі–бұл проблеманы шешуге кеңінен қарау шығармашылық өмір талабы.

Технологияны меңгеру іс жүзінде мұғалімнің жеке басын ғана дамытып қоймай, бүкіл жоғары мектеп ұжымын да дамытады. Белгілі ғалым И.Я. Лернер: «Дамыта оқыту дидактика тұрғысынан жеке тұлға қалыптасуының бірте-бірте кеңейген аспектілерін қамтиды», - деді [16]. Дамыта оқыту мысалы, жоғары кәсіптік білім деңгейінде шығармашылық жұмыс әдістерін меңгеруді талап етеді, өздігінен жаңа шешімдерді тиімді амалдармен табуды көздейді. Шығармашылық-бәсекелестікті ұйымдастыруда болашақ маманның тиімді де жетілген құралы болады» - деген тұжырым жасаған.

Жалпы орта мектептің білім беру технологияларының бірнеше түрлері қолданылады. Атап айтсақ: құрылымдық логикалық технологиялар білім беру жүйесін кезеңмен ұйымдастыру, әр кезеңнің нәтижесін диагностикаларды ескере, дидактикалық міндеттерді тиісті мазмұны, форма, әдістер мен құралдарды таңдау негізінде шешу.

Кіріктіру технологиялары-әртүрлі пәндердегі білім мен біліктерді, әртүрлі әрекеттерді оқу тақырыптары, оқу проблемалары деңгейінде кіріктіруге мүмкіндік беретін дидактикалық жүйе. Оқыту процесінде кіріктіру ұғымын екі мағынада қарастыруға болады. Бірінші оқушыда қоршаған дүние жөнінде тұтас түсінік ұйымдастыру. Мұндай кіріктірудің нәтижесінде бала ерте жастан қоршаған дүниенің барлық элементтері бірімен бірі өзара байланыста, тұтастықта деп түсінеді. Екінші пәндік білімдерді жақындастырудың жалпы негізін табу. Дәстүрлі пәндерді кіріктіруде бала қоршаған дүние туралы жаңа мағлұматтар алады, оны толықтырып, кеңейтеді.

Тренингтік технологиялар – типтік есептерді (тапсырмаларды) шешу алгоритмдерін оқу барысындағы білім алушылардың әрекеттерінің жүйесі.

Дамыта оқытудың бір жолы – деңгейлеп оқыту технологиясы. Деңгейлеп оқыту – оқылатын ақпараттың азаюы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады.

Деңгейлеп оқыту технологиясының басты идеялары:

- деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, білім алуына жағдай жасау;

- деңгейлеп оқыту әртүрлі категориядағы балаларға бірдей көңіл аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді;

- деңгейлеп оқыту оқытушының жеке тәжірибесіне негізделеді. Сондықтан да деңгейлеп оқытуда оқушының жеке тұлға ерекшелігіне, психикалық даму ерекшелігіне, пән бойынша білімді игеру деңгейіне, оқушының білімімен іс-әрекет тәсіліне назар аудару керек;

- деңгейлеп-саралап оқытуда білімді игерудің негізгі төрт деңгейі

(міндетті, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық) қарастырылады.

Осындай іс-әрекет деңгейлері арқылы оқушылар оқу материалын әртүрлі деңгейде қабылдайды. Зерттеуші, ғалым В.П. Беспалько ұсынған бұл деңгейлер бүгінгі тәжірибеде қолданыс табуда. Оған дәлел бүгінде сабақта берілген білім мазмұнын оқушылардың танымдық қызығушылығын ояту, мағынаны тану, шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруды көздей отырып, тапсырмаларды төрт деңгейге бөлініп берілуі.

Міндетті деңгейдегі тапсырманы әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, уақыты мен күшін дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді.

Мүмкін деңгейдегі тапсырманы пәнге деген қызығушылығы жоғары, белсенді, өздігінен ізденуге қабілетті, шығармашылық тапсырмаларды ерекше ынтамен орындайтын, оның нәтижесіне қуанатын, оны жолдастарымен бөлісе алатын, уақыты мен күшін тиімді пайдалана білетін оқушы меңгереді.

Дамыта оқытудың негізгі бағыттарының бірі – жобалап оқыту технологиясы. Жобалап оқыту технологиясының негізін салған американдық ғалымдар Дьюи, Лай, Трондаик. Олар жобалап оқыту технологиясының төмендегідей негізгі идеяларын ұсынған:

- бала өзі таңдаған іс-әрекетті жоғары қызығушылықпен орындайды;
- балада қызығушылықтың пайда болған сәтін қалт жібермеу, соған сүйену;
- іс-әрекет тек оқу пәнінің саласында ғана құрылмайды;
- шынайы оқыту ешқашанда біржақты болмайды, қосымша берілетін мәліметтердің де маңыздылығына байланысты болады.

Ғалым Н.Г. Чернилованың жоғарыда берген анықтамасынан жобалап оқытуды дамыта оқыту технологиясының бір түрі деп қарастырғанын көруге болады.

Сабақта қолданылатын педагогикалық технологияның бір түрі оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытуда баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру алға қойылады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдары мен тәсілдің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін түсінетіндей жағдайға түсу керек. Содан барып оның білім алуға ынта-ықыласы артып, әрекеттенеді. Оқушының іс-әрекеті сабақ үстінде көрінеді. Сабақты дұрыс ұйымдастыру үшін оның негізгі бөліктеріне баса назар аудару қажет. Дамыта оқыту тұрғысынан алғанда сабақ 3 құрамдас бөліктен тұрады:

1. Оқу мақсаттарының қойылуы;
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру;
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі дамыта оқытудың Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Оқушыларға ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу, талқылау мен жинақтау арқылы жүзеге асады. Ал мұғалім тек ұйымдастырушы, бағыттаушы. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптары тыңдалады. Әрине, жауап үнемі дұрыс бола бермейді.

Л.Б. Эльконин, В.В. Давыдовтың бірлесе жасаған «Дамыта оқыту жүйесі» бір-бірімен тығыз байланысты әрі мынадай ұстанымдардан құралады:

1. Жоғарғы деңгейдегі қиындыққа оқыту.
2. Теориялық білімнің жетекші ролі.
3. Оқу материалын жеделдете оқыту.
4. Оқу үрдісін оқушының сезінуі.
5. Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың зерттеулері оқу әрекеті және оның субъектісін қалыптастыруға бағытталады.

Оның құрылымы мынадай: оқу-танымдық мотивтер, оқу тапсырмалары, оқу амалдары, оқу операциялары.

Л.В. Занковтың оқыту жүйесінде оқушы өзін емін-еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүмкіндігі мен дербестігінің дамуына жағдай жасалады. Осы жүйеде оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынастың іргетасы қаланады. Мұғалім түсіндіруші, оқытушы тұрғысында емес, оқушының оқу әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы ретінде көрінеді [17].

Дамыта оқытудың бір түрі - модульдік оқыту технологиясы. Модульдік оқытудың негізгі ұғымы – модуль. Модуль адамның өзін-өзі дамытуының тәсілі, мөлшері. Модульдік оқытуда білім мазмұнын, білімді игеру қарқынын, өздігінен жұмыс істей алу мүмкіндігін, оқытудың әдістері мен тәсілдері арқылы оқу әрекетінің дербестігін қамтамасыз етеді. Ғалым З.Б. Бейсембаеваның пайымдауынша, модуль - әрекеттің мақсатты жоспары, ақпараттар банкі мен дидактикалық мақсатқа жету үшін материал мазмұнын жекелеудің жолы, өз бетімен жұмыс жасаудың деңгейі [18]. Ал, ғалым М.М. Жампейсова оқыту технологиясының бірнеше ерекшеліктеріне тоқталды: оқыту технологияларының білімді меңгертуге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, (есту, көру, қимыл, т.б.) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға бағытталуы, сонымен қатар оқушылармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндіктеріне байланысты. Сонымен қатар, автор модульдік оқытудың құрылымына тоқталып, модульдік оқыту технологияларын меңгеру әдістемесінің негізгі шарттарын, негізгі қағидаларын ұстанды. Дидактиканың негізгі талдаптарына байланысты бірқатар өзгерістер енгізді. Олар оқушыларды оқытуға емес, тұлғалық бағыттылығын ұйымдастыру, танымдық қызметін ұйымдастыру, оқу процесін өзара сөйлесу негізінде құру деп көрсеткен [19].

Модульдік оқу технологиясының негізгі идеялары:

- модульдік оқыту іс-әрекет принципіне негізделген, оқушының белсенді іс-әрекеті жүйелі болғанда ғана білім мазмұны саналы меңгеріледі. Мұғалім дайындаған тапсырмалар оқушыларды оқу мақсатына бағыттап, оның жаңа білімді қабылдауына жағдай жасайды. Модульдік технологияның психологиялық негізіне Л.С. Выготскийдің «Оқыту процесінде оқушының ақыл-ойынның дамуы», «жақын арадағы даму» аймағынан «актуальды даму» аймағына ауысуы туралы теориясы алынды. Оқушы мұғалімнің немесе

сыныптас жолдастарының көмегімен тапсырманы орындайтын болса, (көмек беру, бағыт көрсету), онда ол өзінің «жақын даму» аймағында деп саналады. Бұл баланың психикалық функциясының жетілуіне септігін тигізеді. Себебі: бүгін қасындағылардың (мұғалім, сыныптас жолдастары) көмегі. Модульдік оқыту технологиясында оқу материалдарын мөлшерлеп беру арқылы білім мазмұнын жетелеуге, оны игерудің қарқынын, жолын, әдіс, тәсілін жекелеуге, оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын жекелеуге мүмкіндік туады.

Жалпы қорыта келгенде, оқытудың жаңа технологияларын пайдалану арқылы оқушылардың білім мазмұнын өздігінен игеруде белсенділік, қызығушылық танытып, өзіндік ой қорытындысын жасауға ынталандырып, оларды ізденушілікке талпынуға, өз пікірін дәлелдеуге, қорғай білуге, яғни шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруға үйретеді.

Білім саласындағы озық мамандардың көпшілігі оқуды жаңа практикалық тәжірибені игерудің нәтижесі ретінде қарастырып отыр. Тәжірибені, білік пен дағдыны қалыптастыру үшін тиісті ойындық, ұжымдық іс-әрекет ұйымдастыру қажет, оның теориялық-әдіснамалық, әдістемелік негізгі топпен психологиялық-коммуникативті жұмыстардың принциптер жүйесін көрсетеді.

Ойын арқылы оқыту технологиясы - балама нұсқаларды тандап алу негізінде қойылған міндеттерді шешу біліктерін қалыптастыратын әртүрлі ойындарды қолданудың жүйесі: жобалау ойындары, жеке тренинг, практикалық тапсырмаларды (есептерді) шешу т.б.

Оқу үрдісінде қолданылатын ойындардың көпшілігі интерактивті, себебі барлық шешімдерді қатысушылар ортақтаса отырып қабылдайды: басында жеке, содан кейін шағын топтармен, соңында топаралық пікірталаста талқыланады. Мақсатты, топтық және топаралық іс-әрекетке негізделіп құрылған, жеке тұлғаға білім бере отырып, оны дамытатын ойын технологияларын интерактивтіге жатқызамыз. Интерактивті оқыту сабаққа қатысушылардың өз тәжірибелеріне негізделеді, меңгерілетін кәсіби тәжірибе саласымен тікелей өзара әрекетте болып табылады.

Интерактивті оқытуда, дәстүрлі технологиялармен салыстырғанда, оқытушының рөлі өзгереді. Білім алушылардың белсенділігі басым болады, оқытушының міндеті: ойынды ұйымдастыру, сырттай басқару, шығармашылық ізденіске жағдай жасау.

Соңғы кездері педагогикалық процесте дебат технологиясы пайдаланылуда. Бұл технология тұлға ақыл-ойының, тілінің дамуына, оқушының шығармашылық белсенділігін арттырады, сонымен бірге зерттеушілік, ізденушілік қасиеттері қалыптасады. Дебат технологиясына құрылған зерделік ойынға екі топ қатысады (бекітуші топ және даттаушы топ). Әр топтың құрамы да шектеулі болады (3-5 оқушы). Дебат технологиясы белгілі бір уақытты мөлшерлейді. Дебат-сөз сараптау шеберлігін, сөзді орынды пайдалану, ойды нақты логикалық жүйемен дәл, қысқа айту. Дебатта сөз өнері, яғни жазбаша және ауызша сөз жарыстыруға, сөйлеу тілінде іскерлікпен бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға, құжаттармен жұмыс істеуге, іскерлік диалогтар жүргізуге үйретуге болады.

Педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асатын педагогикалық

жүйенің жобасы. Ал, педагогикалық жүйе – тұлғаны ұйымдастыруға бағытталған белгілі бір мақсатқа жету жолындағы арнайы педагогикалық ықпалды ұйымдастыруға қажетті өлшем, байланысқан әдістердің, құралдардың жиынтығы.

Ұстаздың шығармашылық жұмысы ең алдымен сабаққа даярлықтан басталады. Сабақтың өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілеттілігіне, яғни шеберлігіне байланысты. Оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін, оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және материалдарды тиімді оқытуды ұйымдастыру және оқыту үрдісіне жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланған дұрыс.

«Ақпараттық технология» терминін академик В.М. Глушков енгізген. Білім беру процесін ақпараттандыру оқушыға білім берумен байланысты болғандықтан, В. Глушковтың анықтауынша, «Ақпараттық технологиялар» ақпаратты өңдеумен байланысты процестер болып табылады. Ал білім беруде компьютерді және оның құралдарын пайдалана бастаған кезде оқытудың ақпараттық технологиялары ұғымы пайда болды. А. Горячевтің тұжырымдауынша, «Ақпараттық технология» - мәтіндік редактор, электрондық кесте, мәліметтер базасы, графиктік редактор, мультимедия және коммуникациялық технологиямен сипатталады. Р.Әбдірәсілова болса, «Ақпараттық технологияны» оқыту құралдары жүйесінің элементі деп қарастырады [18].

Жаңа технологиялық үрдістің кең таралуының еркіндігін әр пән мұғалімдерінің өздерінің дәстүрлі сабақтарынан бастап әр тараптанылған сабақ түрлерін, ашық сабақ үлгілерін компьютерді, интербелсенді тақтаны, электронды оқулықты, мультимедия кабинетін еркін меңгере отырып өткізуі үлкен жетістік [12].

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануда интербелсенді тақта мен *activstudio*-ның орны ерекше.

Оқу үрдісінде, оның ішінде практикалық сабақтарда интербелсенді тақтаны қолдану мұғалімнің жеке тәжірибесіне, шығармашылық ізденісіне байланысты. Интербелсенді құралдар оқыту формасын ұйымдастырудың түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіншіліктер жасайды.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Бұл құрал балалар мен мұғалімдердің жаңа әдіс, жаңашылдық, жаңа әдістемелік құрал ретінде танылып, олардың білім алуға деген құлшыныстарын арттыруға көмегі тиіп отыр [14].

Оқушыларға білім беруде жаңа технологиялады қолдану инновациялық бағытта жұмыс жасау заман ағымына сай талап етілуде. Бүгінде қоғамның жеке тұлғалы дамыған адамын тәрбиелейтін ұстаз өзінің шығармашылық ізденуі, оқытуда жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруі, кәсіби құзырлығының жоғары деңгейде болуы қажет. Оқушыны білім алуға, оқуға, үйретуге көп мән берілуі тиіс. Оқушыларды білім алуымен қатар шешендік шеберлігі мен баяндау жүйелілігі қалыптасады, өз пікірін ашық білдіретін саналы ұрпақ тәрбиеленеді.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығушылығын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді [11].

Оқушылардың білім, білік, дағдыларын жетілдіру үшін оқытудың жаңа технологиясы негізінде дифференциалдық және дербес деңгейлік оқыту үшін тұрақты оқулықтар мен оқу құралдары керек деп есептеймін. Сонымен қатар, жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі ақпарат құралдарымен жұмыстана білуіне назар аудару керек. Оқушы қызметін активтендіру негізінде педагогикалық технологиялардың бірі – деңгейлік саралау технологиясының элементін қолдану. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

Ал, соңғы жылдары оқытудың модульдік технологиясымен Дьяченконың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ профессор Ж.А. Қараевтің оқытуды дифференциалау және білім беру демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы еліміздің көптеген мектептерінде қолданылып жүр.

Білім беруді ізгілендіру технологиясының негізін қалаған Ш.А. Амонашвили. Білім беруді ізгілендіру технологиясының мақсаты – баланы азамат етіп тәрбиелеу, баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату [20].

Себебі, оқушы материалдарды сезім мүшелері арқылы қабылдап қана қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді. Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясының негізін қалаған В.Ф.Шаталов тірек белгілері арқылы оқыту технологиясының мынадай мақсаттарын – білім, білік, дағдыны қалыптастыру; барлық баланы оқыту; оқытуды жеделдету [21].

Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясының ерекшеліктері – үнемі қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, жоғары деңгейдегі қиыншылық, ірі блокпен оқыту, тіректі қолдану; жеке бағдарлы қарым-қатынас ықпал; ізгілік, еркімен оқыту.

Жалпы білім беретін мектептерде деңгейлеп оқыту технологиясы (Қараев Ж.Д.), жүйелік негізде оқыту технологиясы (Ғалиев Г.Г.), шоғырландырып-қарқынды оқыту технологиясы (Әбдіғалиев Қ.А., Нурахметов Н.Н.), блоктық-модульдық технологиясы (Жанпейісова М.Н.) қолдау табуда. Ғалымдардың пікірінше шағын комплектілі мектептер жағдайында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда жүйелік негізде оқыту мен шоғырландырып оқыту технологияларының оқыту сапасын арттыруда дидактикалық мүмкіндіктері мол.

Оқыту технологияларының қайсысын болмасын пайдалану жеңіл іс емес, ол оқытушыдан білімділікті, іскерлікті, еңбекқорлықты, шығармашылықты, құнттылықты, жаңашылдықты және мол дайындықты қажет етеді.

4 Қазіргі сабақты жобалау және ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Оқушылардың сабақта оқу еңбегін тиімді ұйымдастыру оқытудың тиімділігін арттыру жолдарын үнемі іздестіруді талап етеді. Енді *сабақтың тиімділігін арттыру жолдарын қарастырайық*:

1) оқушылардың оқу материалының негізін сабақ барысында меңгеруі және игерілуі. Сабаққа дайындалар кезде мұғалім оқушыларды таныстыратын ақпарат көлемін ойластырып қана қоймай, оқушыларға сабақтың өзінде оқылатын материалдың негізін, әсіресе, қолданылатын әдістер мен тәсілдер арқылы материалды меңгерту жолдарын қарастырады. Жаңа материал түсінікті әрі сабақтың өзінде жиі есте сақталуы қажет. Оқушылар қосымша материалды емес, негізгі материалдың мәнін (басты ойды, заңды және т.б.) меңгеріп, түсінуі үшін мұғалім ең негізгіні көрсете білуі керек;

2) ұжымдық жұмыс кезіндегі әр оқушының дамуына мүмкіндік туғызу. Мұғалім сабаққа дайындалу процесінде үлгерімі орташа оқушыға назар аударады. Жалпы тапсырманы орындау үшін бір сыныптың оқушыларына әр түрлі уақыт қажет, өйткені үлгерімі жақсы оқушылар жұмысты тез орындайды. Әр оқушының жоғары деңгейде дамуына мүмкіндік беретін амалдарды ойластыру қажет;

3) белгілі бір құрылымның болуы. Бұл жағдайда жұмыстың сыртқы жағы (сұрау, түсіндіру, бекіту) емес, оның ішкі құрылымы оқушыларға білінбейді, бірақ оны мұғалім нақты ойластыру қажет. Сабақтың құрылымы – бұл мұғалім мен оқушылардың қызметтерінің тиімділігін қамтамасыз ететін сабақтың кезеңдер жүйесін ұйымдастыру.

4) оқушылардың өзіндік жұмыстарының үлесін арттыру;

5) пәнаралық және пәнішілік байланысты сақтау;

6) оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау, бақылаудың сапалы жаңа түрлерін қолдану.

7) оқушылардың жалпы-интеллектуалдық біліктік деңгейін анықтау.

Қазіргі сабақты жобалау және ұйымдастыру бойынша қазіргі сабаққа мынадай талаптар қойылады:

1. Қазіргі кездегі ғылымның соңғы жаңалықтарын пайдалану.

2. Сабаққа дидактикалық ұстаным мен ережелерді тиімді пайдалану.

3. Оқушылардың қызығушылын, қабілетін біле отырып, дарынын дамыту.

4. Пән аралық байланыс құру.

5. Оқушылардың бұрынғы алған біліміне сүйене отырып, оқушыны жаңа деңгейге көтеру.

6. Оқушылардың белсенділігін арттырып қажеттілігіне түрткі жасау.

7. Оқу-тәрбие жұмысының барлық кезеңдерінде қисындылықты және көңіл күйді ұйымдастыру.

8. Педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру.

9. Алынған білімді іс-жүзінде өмірмен байланыстыру.

10. Практикалық білім, білік дағдыны қалыптастыру, еңбекке үйрету.

11. Үнемі әрі үздіксіз білім алу қажеттігін ұйымдастыру.

12. Әрбір сабақты талдай, болжай, жоспарлай және құрастыра білу.

13. Оқушылардың өздігінен білім алуға, оқулықпен жұмыс жасауға үйрету.

14. Оқытудың жаңа технологияларын пайдалану.

Жалпы, сабақ жоспарын дайындау барысында келесі әдістемелік ұсыныстарға назар аударылады:

1) әр сабақта мектеп оқулықтарынан басқа әдебиеттерден де түрлі есептерді, тақырып бойынша нақты сұрақтарды таңдап ала білу қажет;

2) жаңа материалды игеру алдында қарастыруға болатын проблемалар қоюға мүмкіншілік жасайтын жаттығулар таңдай білген дұрыс;

3) оқушыларға қойылатын сұрақтарды дәл және нақты тұжырымды етіп қою керек;

4) оқушыларды ықыласпен тыңдап, оның жауабын дәл сезініп, дұрыс баға беру керек. Оқушылардың жіберген қателерін сыныппен талқылай отырып, әрі қарай оқытуда оларды ескерген жөн;

5) мұғалімнің алдын-ала қандай білім мен дағдыны тексеретінін, кімге қандай сұрақ қоятынын (конспектіде ескеру) мұқият ойластырып алғаны дұрыс;

6) жалпылама ауызша сұрау білімге үйретуге жетелейтіндей болуы керек. Бір ғана оқушының дұрыс берген жауабына қанағаттанбай, қалғандарының да қиын сұраққа берілген жауапты түсінгендеріне, меңгергендеріне көз жеткізу керек. Ең басты, негізгі оқиға ерекше көңіл аудару керек;

7) қандай сұрақтардан кейін оқушыларға ойлануға үзіліс беріп, қалған оқушыдан сұрау керек екендігін қандай сұрақтарға бірден жауап талап етілетіндігін дұрыс ойластырған жөн;

8) ұсынылған есептің шешімін әр оқушы ойластыруы керек, ал сонан соң ғана тақтаға бір оқушыны шақыруға болады. Сонда әр оқушы өз шешімін тақтада шығарылған шешіммен салыстырып бағалай алады. Бұдан оқушылардың белсенділігі, ынталылығы, ізденімпаздығы, шығармашылығы тәрбиеленетіні айқын;

9) оқушылардың дәптердегі жазуларын да қадағалаған жөн. Нақты, жүйелі түрде орналасқан жазулар, дұрыс сызылған суреттер материалды дұрыс меңгеруге көмектеседі және үй жұмысын орындауға үлгі бола алады;

10) мұғалімнің тілектестік үні, оқушыларға деген сенімі және де қажетті қаталдығы (талапкерлігі) болуы керек.

Сабаққа дайындықты неден бастау керек?

- өзің үшін сабақтың тақырыбын нақты анықтау;

- тақырыптағы сабақтың орнын, ал тақырыптың жылдық оқу бөліміндегі орнын анықтау;

- сабақтың жалпы міндеттерін көрсету;

- сабақтың мақсаты мен міндеттерін нақтылау, сабақтың негізгі басшы міндетін ашып көрсету;

- сабақ бағытталып жүргізілетін негізгі түсініктерді анықтау немесе керісінше, болашақта пайдалану үшін өзіңе сабақтың сол бөлігін белгілеп алу;

- оқушы сабақта нені түсініп, нені есте сақтауы керектігін анықтау, сонымен қатар сабақтан кейін нені біліп, нені істей алуы керектігін білуі қажет;

- оқушыға қандай оқу материалын, оған қатысты қандай қызықты

деректерді, оларды дәлелдейтін басты идеяларды қанша көлемде, қалай хабарлау керектігін анықтау. Ол үшін оқыту тапсырмаларын «жеңілден ауырға» қағидасына сәйкес тәртіпке келтіру. Үш түрлі тапсырмалар жиынтығын құру:

- оқушының материалдарды жаңғыртуына жетелейтін тапсырмалар;
- оқушының ойлануына мүмкіндік туғызатын тапсырмалар;
- оқушының білімді бекітуіне мүмкіндік туғызатын тапсырмалар;

Ж.А. Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе педагогикалық технологиясы» қазір Қазақстанның бар аймағында ғылыми–тәжірбиеден, сынақтан өтіп, оқыту жүйесінің белсенді әдісіне айналды. Үш өлшемді әдістемелік жүйеде, оқыту келесі формула бойынша анықталады: мақсат – мотив – іс-әрекет- рефлексия -теориялық білім. Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Жалпы сабақ жоспарын кейінгі кезде мұғалімдер көбіне Ж. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын бойынша дайындайды. Ол оқушылардың тақырыпты меңгеру үшін өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды.

Ж.А. Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясының дидактикалық матрицасының әр деңгейінің сипаттамасына сай білімді меңгеру деңгейлерінің талаптарын тұжырымдаймыз:

1-деңгей: оқушылық деңгей – репродуктивтік деңгей:

- жаттап алуға лайықталған анықтамалар, тұжырымдамалар, ережелер т.б.
- алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауға арналған сұрақтар;

- тапсырмалар жаңа тақырып үшін тиімді және өмірмен байланысты болуы керек. Жаратылыстану пәндерінде мұндай талаптар жаңа тақырыпты игеру соңында орындалатын ұқсас тапсырмалар құру арқылы жүзеге асырылады және олар оқушының өзі қорытып шығарған ереже, анықтама, заңдарын бекітуге арналады.

2-деңгей: алгоритмдік деңгей – елеулі белгілерді есте сақтау дағдысына негізделеді:

- өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар, бірақ оларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп, тереңдете пайдалануды қажет етеді. Жаратылыстануда мұндай іс-әрекетке келтірілетін тапсырмалар: мәтінмен берілген есептер, тапсырмалар, сұрақтар, тәжірибелер т.с.с.

- оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескеріп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет болады. Бұлар: логикалық есептер, ребустар мен сөзжұмбақтар.

3-деңгей: тапсырмалары – эвристикалық танымдық іздену түрінде орындалатын тапсырмалар:

- танымдық іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін (заңдылықтар шығару, анықтамалар, формулаларды жаттау, т.с.с.)

жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс. Мұнадай жұмыс – анализ бен синтез, салыстыру арқылы тақырыптағы негізгі білімді анықтау, қорытындылау, әр түрлі әдіс тәсілдермен есептер шығару, ребустар, сөзжұмбақтар құрастыру, проблемалық жағдайларды шешу, дағды қалыптастыруға арналған сұрақтар;

– өздігімен мысалдар мен есептер, сұрақтар құрастыру және оны өздігімен шығару, өмірден алынған мәліметтер негізінде диаграмма, графиктер салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекі құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар.

4-деңгей: шығармашылық деңгей:

– оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген: теореманы дәлелдеу, заңдылықтарды мұғалімнің көмегімен қорытып шығару, олимпиадалық тапсырмаларды орындау, өздігінен тақырыпқа реферат, баяндамалар дайындау [15].

Төменде осы әдіске негізделіп «Солтүстік Қазақстан қалалары» тақырыбы бойынша сабақ жоспары жасалған (4-кесте). Дайындаған Жамбыл облысы Шу ауданы М. Мақатаев атындағы орта мектебінің жоғары санатты география пәнінің мұғалімі З.А. Манасбаева.

4-кесте - «Солтүстік Қазақстан қалалары» тақырыбы бойынша сабақ жоспары

I кезең	
1	2
Мұғалім алғашқы 5-7 минутта: а) ұйымдастыру сәтін өткізеді; б) өткен тақырып бойынша берілген деңгейлік тапсырмаларды үйде аяқтап келу дәрежесі тексеріледі; в) төмендегі «Көпір» тапсырмаларын тексереді (алдымен жеке тексеріп шығады, сосын жаппай тексеру жүргізеді). «КӨПР» тапсырмаларын келесі сұрақтарға жауап беру арқылы тексеру: 1. Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстанда неше қала және кент бар? Ж: <u>23</u> қала мен <u>12</u> кент. 2. Ақмола облысының құрамында облыстық дәрежедегі қанша қала бар? Атаңдар. Ж: <u>2</u> қала. Олар: Көкшетау, Степногорск.	
II кезең	
Жаңа сабақты топтық жұмыс барысында оқушылардың өздігінен меңгеруіне жағдай жасау: а) оқушылар төмендегі қадамдар бойынша «Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау» тәсілдеріне сәйкес тапсырмаларын өздері толықтырады (10 минут); ә) жауаптарын мұғаліммен бірге талдайды (10 минут). Нәтижесі ауызша марапатталады.	
1-қадам: теория бойынша «Білу» үшін тақырып мазмұнынан Кім? Не? Кімнің? Кімге? Кімді? Кімде? Кімнен? Кіммен? Қандай? Қай?	Бос орынға тиісті сөздерді жаз. 1. Астана (778 мың адам) – республика <u>астанасы</u> – Қазақстанның географиялық <u>орталығында</u>, ірі көлік магистральдарының <u>тоғысқан</u> жерінде орналасқан. 2. <u>1950</u> жылдары қала еліміздің солтүстігіндегі <u>тың</u> және тыңайған жерлерді игеру <u>орталығы</u> болды. Астана мәртебесін алғаннан кейін жылдам көркейіп, өсе бастады. 3. Астана – республикамыздың ірі <u>өндірістік</u>, ғылыми және <u>мәдени</u> орталығы. Қалада <u>ауыл</u> шаруашылығы <u>машиналарын</u> шығару, сонымен

4-кестенің жалғасы	
1	2
Қашан? Не істеді? сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктелінуі керек.	қатар <u>тамақ және жеңіл өнеркәсіптері</u> дамыған. Астана <u>мәртебесін</u> алуына байланысты құрылыс <u>индустриясы</u> да жылдам қарқынмен <u>дамып</u> келеді. 4. Қала маңызды <u>әуе</u> жолдарының, теміржол <u>магистральдары</u> мен мемлекеттік маңызы бар <u>автомобиль</u> жолдарының <u>қиылысында</u> орналасқан ірі көлік <u>торабы</u> болып табылады. 5. Франция жерінде өткен <u>Халықаралық</u> көрмелер <u>бюросы</u> Бас ассамблеясының 152 – сессиясында <u>ЭКСПО</u> Халықаралық көрмесі <u>2017</u> жылы <u>Еуразия</u> жүрегі Астана қаласында өтетіндігі <u>мәлім</u> болды. Сессияға қатысушы мемлекеттердің <u>103</u> дауысын <u>жинаған</u> Қазақстан халқы үшін үлкен <u>мәртебе</u>. Бұл «Болашақтың энергиясы» тақырыбын көтеретін жауапкершілігі мол көрме тек Астананың ғана емес, тұтас Қазақстанның да дамуына қосымша <u>серпін</u> береді. 6. Халқының <u>санының</u> өсуі, негізінен, <u>облысаралық</u> көші – <u>қон</u> арқылы жүзеге асырылады. 7. Қысқаша тарихи анықтама: 1830 ж. – Ақмола <u>бекінісі</u>. 1862 ж. – Ақмола <u>қаласы</u>. 1961-1992 жж. – <u>Целиноград</u>. 1992 ж. – <u>Ақмола</u> қаласы. <u>1997</u> ж. Ақмола қаласы – ҚР <u>астанасы</u>. <u>1998</u> ж.- «Астана» атауы берілді. <u>1999</u> ж. ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына <u>медаль</u> мен «Бейбітшілік қаласы» <u>атағы</u> берілді. 8. Ақмола облысының <u>солтүстігінде</u> облыс орталығы - <u>Көкшетау</u> қаласы орналасқан (141 мың адам).<u>1941</u> жылы Көкшетауға эвакуациямен <u>Подольск</u> іс машиналарын шығару зауытының жұмысшылары мен құрал-жабдықтары тиелген <u>эшалон</u> келді. Ол <u>механика</u> зауытына келіп орналасты да, бірден әскери-<u>қорғаныс</u> өнімдерін шығаруға кірісті. 9. 1960-1970 жж. Ескі, <u>қайта</u> жабдықталған және <u>жаңа</u> өнеркәсіп кәсіпорындары іске қосылды. 10. Радиозауыт, <u>оттегімен</u> демалатын аппаратура шығаратын зауыт, <u>Васильков</u> кен – байыту комбинаты және т.б. жұмыс істей бастады. 11. Экономикалық ауданның <u>шығысында</u> Павлодар облысы орналасқан, онда Қазақстанның әсем қалаларының – Павлодар орын тепкен (334 мың адам). Біздің ата – бабаларымыз қала үшін ең қолайлы <u>жерді</u> – <u>Ертіс</u> өзенінің жағалауын <u>таңдап</u> ала білген. 12. Павлодардың қолайлы географиялық <u>жағдайы</u>, тас көмір, <u>мыс</u>, алтын, <u>күміс</u> және басқа да <u>сирек</u> кездесетін металдардың мол <u>қоры</u> өткен ғасырдың өзінде <u>шет</u> елдік іскер топтардың <u>назарын</u> аударған болатын. Ал <u>1950</u> жылдардың ортасынан бастап қалада өнеркәсіп <u>дами</u> бастады. Мысал. <u>1955</u> жылы тұңғыш машина <u>жасау</u> зауытының (қазір трактор зауыты) <u>құрылысы</u> басталды. <u>1968</u> ж. оның конвейерінен <u>алғашқы</u> трактор шығарылса, ал <u>1969</u> ж. <u>мыңыншы</u> машина жасалып <u>шықты</u>. Зауыттың қуаты одан кейінгі уақытта <u>жылына</u> <u>55</u> мың дана шығаруға дейін жетті. 13. Қуатты <u>құрылыс</u> материалдары өнеркәсібін құру тек қалада <u>емес</u>, бүкіл <u>экономиканы</u> қайта құруда шешуші <u>рөл</u> атқарды: Ермак МАЭС – нің, ферроқорытпа, <u>алюминий</u> және <u>трактор</u> зауыттарының <u>құрылыстары</u> басталды. 14. Павлодар – ірі <u>мәдени</u> және <u>ғылыми</u> орталық: онда екі университет, <u>Ресей</u> ЖОО-ның <u>филиалдары</u>, екі театр (Қазақ музыкалық драма және Орыс драма театрлары), көркемөнер және <u>көне</u> тарихи-өлкетану <u>мұражайы</u> және т.б. бар.

4-кестенің жалғасы	
1	2
	15. <u>Қостанай</u> қаласы (219 мың адам). Бұл Солтүстік Қазақстанның ірі <u>өнеркәсіп</u> және <u>мәдени</u> орталығы. Қаланың іргесі 1897 ж. қаланды. Ол кезде мұнда жыл сайын <u>жәрмеңке</u> өткізілетін. Жергілікті ауыл шаруашылық шикізатының негізінде <u>ұсақ</u> кәсіпорындар – тері <u>илейтін</u> зауыт, <u>бу</u> диірмендері жұмыс істеді. 16. Өткен ғасырдың <u>ортасынан</u> бастап, <u>темір</u> (Соколов - Сарыбай) және <u>асбест</u> (Жітіқара) кен орындарын <u>игерудің</u> нәтижесінде <u>теміржолдар</u> салынып, қала жылдам <u>дами</u> бастайды. Соңғы жылдары <u>тамақ</u> және <u>жеңіл</u> өнеркәсіп дамыды, <u>ет</u> консервілеу комбинаты, <u>кондитер</u> фабрикасы, мауыты (машинамен түтілген) <u>шұға</u> кәсіпорны, <u>аяқ</u> киім және тігін фабрикалары жұмыс істейді. 17. Петропавлды (205 мың адам) «<u>Республиканың солтүстік қақпасы</u>» деп орынды атайды. Ол 1752 ж. салынған, Петропавл атауын 1807 ж. алған. Қаланың транзиттік ЭГЖ өте <u>қолайлы</u>. Оның Транссібір және Трансқазақстан теміржолдарының қиылысында <u>орналасуы</u> қаланың <u>сауда</u> орталығы ретінде жылдам өсуіне әсерін тигізді. 18. Петропавл қазіргі кезде маңызды <u>өндірістік</u> мәдени орталық әрі ірі көлік <u>торабы</u>. Қалада <u>мұнай</u> -<u>газ</u> өнеркәсібі, <u>отын</u>-энергетика, көлік және сонымен қатар <u>агроөнеркәсіп</u> кешендері үшін (трактор тіркемелері, ауыл шаруашылық құралдарына қосалқы бөлшек) құрал-жабдық шығаруға <u>маманданған</u> машина жасау кәсіпорындары мен <u>ет</u> комбинаты бар. 19. Солтүстік экономикалық ауданда қалалар <u>көп</u>, ірілері 2 қала: Республикамыздың астанасы – <u>Астана</u> қаласы мен аймақтың ірі <u>өндірісті</u> қаласы - <u>Павлодар</u>. Қалалардың <u>мамандану</u> құрылымы әр түрлі: <u>металлургия</u> (қара және түсті), <u>машина</u> жасау; <u>мұнай</u> өңдеу және <u>ауыл</u> шаруашылығы <u>шикізатын</u> өңдеу.
2-қадам: теорияны «Түсіну» үшін Неге? Неліктен? Себебі? Не үшін? Дәлелде. Түсіндір. сұрақтары оқушының жоғарыда берген жауаптарына қойылады (мақсаты оқушылардың білімін тереңдету)	Себебін анықтаңдар. 1. Неліктен Астана жылдам көркейіп, өсе бастады? Ж: Астана <u>мәртебесін</u> алғаннан кейін жылдам <u>көркейіп</u>, өсе бастады. 2. Не себебі Астана ірі көлік торабы болып табылады? Ж: Қала маңызды <u>әуе</u> жолдарының, теміржол <u>магистральдары</u> мен мемлекеттік маңызы бар <u>автомобиль</u> жолдарының <u>қиылысында</u> орналасқандықтан. 3. Неліктен ЭКСПО Халықаралық көрмесі 2017 жылы Еуразия жүрегі Астана қаласында өтетіндігі мәлім болды? Ж: себебі, Франция жерінде өткен <u>Халықаралық</u> көрмелер <u>бюросы</u> Бас ассамблеясының 152 – <u>сессиясында</u> сессияға қатысушы мемлекеттердің <u>103</u> дауысын <u>жинаған</u>. 4. Не себебі экономикалық ауданның шығысында Павлодар облысы орналасқан, онда Қазақстанның әсем қаласы – Павлодар орын тепкен? Ж: Себебі, біздің ата-бабаларымыз қала үшін ең <u>қолайлы</u> жерді – <u>Ертіс</u> өзенінің <u>жағалауын</u> тандап ала білген. 5. Не үшін өткен ғасырдың өзінде шет елдік іскер топтардың назарын аударған болатын? Ж: Себебі, Павлодардың <u>қолайлы</u> географиялық <u>жағдайы</u>, тас көмір, <u>мыс</u>, алтын, <u>күміс</u> және басқа да <u>сирек</u> кездесетін металдардың <u>мол</u> қоры . 6. Не себебі өткен ғасырдың ортасынан бастап қала жылдам дами бастады? Ж: Себебі <u>темір</u> (Соколов-Сарыбай) және <u>асбест</u> (Жітіқара) кен орындарын <u>игерудің</u> нәтижесінде <u>теміржолдар</u> салынып, жылдам <u>дами</u> бастады. 7. Не үшін Петропавл қаласының транзиттік ЭГЖ өте қолайлы? Ж: Себебі, оның <u>Транссібір</u> және <u>Трансқазақстан</u> теміржолдарының <u>қиылысында</u> орналасуы.

4-кестенің жалғасы							
1	2						
3-қадам: теорияны «Талдау» үшін 1. Салыстыр, 2. Айырмашылығы неде? 3. Ұқсастығы неде? 4. Тақырыптың басты идеясын жаз деген тапсырмалар болу керек. Немесе 1-3 тапсырмаларды Венн диаграммасы арқылы қамтуға болады	Қостанай Петропавл «Республиканың солтүстік қапсасы» <u>мұнай</u> – газ өнеркәсібі, отын – <u>энергетика</u>, көлік, агро-өнеркәсіп кешендері үшін (трактор тіркемелері, ауыл шаруашылық құралдарына қосалқы бөлшек) <u>құрал</u> – жабдық шығаруға <u>маманданған</u> машина жасау кәсіпорындары мен ет комбинаты бар. Маңызды <u>өндірістік</u>, мәдени орталық әрі ірі көлік <u>торабы</u>. құрылыс материалдарын <u>өндіру</u>, ауыл шаруашылық машиналарын <u>өндіру</u>, тамақ және жеңіл өнеркәсіп салаларынан тұрады. темір (Соколов-Сарыбай) және <u>асбест</u> (Жітіқара) кен орындары. <u>Тамақ</u> және <u>жеңіл</u> өнеркәсіп дамыды, <u>ет</u> консервілеу комбинаты, <u>кондитер</u> фабрикасы, мауыты (машинамен түтілген) <u>шұға</u> кәсіпорны, <u>аяқ</u> киім және <u>тігін</u> фабрикалары жұмыс істейді. Ірі өнеркәсіп және <u>мәдени</u> орталық. <u>темір</u> кендерін өндіру мен <u>байыту</u> кәсіпорындары жұмыс істейтін <u>желез</u> мен <u>Рудный</u> кіреді. Астана – ел орда. Ірі <u>өндірістік</u>, ғылыми және мәдени орталық. <u>Ауыл</u> шаруашылығы <u>машиналарын</u> шығару, сонымен қатар <u>тамақ</u> және <u>жеңіл</u> өнеркәсіптері оттегімен <u>демалатын</u> аппаратура зауыты және <u>радио зауыт</u>, <u>Васильков</u> кен-байыту комбинаты т.б. жұмыс істейді. <u>Ермак</u> МАЭС –і, <u>феррокорытпа</u>, алюминий және <u>трактор</u> зауыттары, <u>құрылыс</u> материалдары өнеркәсібі. Ірі <u>мәдени</u> және <u>ғылыми</u> орталық. Тақырыптың басты идеясын жаз. Ұқсастығы: <u>Солтүстік</u> Қазақстан <u>қалалары</u>. Ерекшеліктері: 1. Астана – ел орда. Ірі <u>өндірістік</u>, ғылыми және мәдени орталық. 2. Петропавл қазіргі кезде маңызды <u>өндірістік</u>, мәдени орталық әрі ірі <u>көлік</u> торабы. 3. Қостанай - ірі өнеркәсіп және <u>мәдени</u> орталық. 4. Көкшетау- <u>Васильков</u> кен – байыту комбинаты. 5. Павлодар - ірі <u>мәдени</u> және <u>ғылыми</u> орталық.						
4-қадам: теорияны «Жинақтау» үшін	Картаға Солтүстік Қазақстан қалаларын түсір.						
Қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, сызбаны, сөзжұмбақты толтыр немесе өзің құрастыр тағы с.с. басқа түрдегі тапсырмалар оқушының жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясын» жазған жауабына қойылады.	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Қаланың пайда болған уақыты.</th><th>Даму тарихы</th></tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Астана. 1830 ж. – Ақмола бекінісі.</td><td>1862 ж. – Ақмола <u>қаласы</u>. 1950 жылдары қала еліміздің солтүстігіндегі <u>тың</u> және <u>тыңайған жерлерді</u> игеру <u>орталығы</u> болды. 1961-1992 жж. – <u>Целиноград</u>. 1992 ж. – <u>Ақмола</u> қаласы. 1997 ж. Ақмола қаласы – ҚР <u>астанасы</u>. 1998 ж.- «Астана» атауы берілді. 1999 ж. ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына медаль мен «Бейбітшілік қаласы» <u>атағы</u> берілді.</td></tr> <tr> <td>Көкшетау.</td><td>1941 жылы Көкшетауға эвакуациямен <u>Подольск</u> іс машиналарын шығару зауытының <u>жұмысшылары</u> мен <u>құрал-жабдықтары</u> тиелген <u>эшелон</u> келді. Ол қалада <u>істеп</u> тұрған <u>механика</u> зауытына келіп орналасты да, бірден <u>әскери-қорғаныс</u> өнімдерін шығаруға кірісті. 1960-1970 жж. Ескі, <u>қайта</u> жабдықталған және жаңа <u>өнеркәсіп</u> кәсіпорындары іске <u>қосылды</u>.</td></tr> </tbody> </table>	Қаланың пайда болған уақыты.	Даму тарихы	Астана. 1830 ж. – Ақмола бекінісі.	1862 ж. – Ақмола <u>қаласы</u> . 1950 жылдары қала еліміздің солтүстігіндегі <u>тың</u> және <u>тыңайған жерлерді</u> игеру <u>орталығы</u> болды. 1961-1992 жж. – <u>Целиноград</u> . 1992 ж. – <u>Ақмола</u> қаласы. 1997 ж. Ақмола қаласы – ҚР <u>астанасы</u> . 1998 ж.- «Астана» атауы берілді. 1999 ж. ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына медаль мен «Бейбітшілік қаласы» <u>атағы</u> берілді.	Көкшетау.	1941 жылы Көкшетауға эвакуациямен <u>Подольск</u> іс машиналарын шығару зауытының <u>жұмысшылары</u> мен <u>құрал-жабдықтары</u> тиелген <u>эшелон</u> келді. Ол қалада <u>істеп</u> тұрған <u>механика</u> зауытына келіп орналасты да, бірден <u>әскери-қорғаныс</u> өнімдерін шығаруға кірісті. 1960-1970 жж. Ескі, <u>қайта</u> жабдықталған және жаңа <u>өнеркәсіп</u> кәсіпорындары іске <u>қосылды</u> .
Қаланың пайда болған уақыты.	Даму тарихы						
Астана. 1830 ж. – Ақмола бекінісі.	1862 ж. – Ақмола <u>қаласы</u> . 1950 жылдары қала еліміздің солтүстігіндегі <u>тың</u> және <u>тыңайған жерлерді</u> игеру <u>орталығы</u> болды. 1961-1992 жж. – <u>Целиноград</u> . 1992 ж. – <u>Ақмола</u> қаласы. 1997 ж. Ақмола қаласы – ҚР <u>астанасы</u> . 1998 ж.- «Астана» атауы берілді. 1999 ж. ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына медаль мен «Бейбітшілік қаласы» <u>атағы</u> берілді.						
Көкшетау.	1941 жылы Көкшетауға эвакуациямен <u>Подольск</u> іс машиналарын шығару зауытының <u>жұмысшылары</u> мен <u>құрал-жабдықтары</u> тиелген <u>эшелон</u> келді. Ол қалада <u>істеп</u> тұрған <u>механика</u> зауытына келіп орналасты да, бірден <u>әскери-қорғаныс</u> өнімдерін шығаруға кірісті. 1960-1970 жж. Ескі, <u>қайта</u> жабдықталған және жаңа <u>өнеркәсіп</u> кәсіпорындары іске <u>қосылды</u> .						

4-кестенің жалғасы		
1	2	
	Петропавл. <u>1752 ж.</u> салынған.	Петропавл атауын <u>1807 ж.</u> алған. Қаланың транзиттік <u>ЭГЖ</u> өте <u>қолайлы</u> . Оның Транссібір және Трансқазақстан теміржолдарының <u>қиылысында</u> орналасуы қаланың <u>сауда орталығы</u> ретінде жылдам <u>өсуіне</u> әсерін тигізді.
	Қостанай. Қаланың <u>1897 ж.</u> іргесі қаланды.	Ол кезде мұнда жыл сайын <u>жәрменке</u> өткізілетін. Жергілікті <u>ауыл шаруашылық шикізатының</u> негізінде ұсақ кәсіпорындар – <u>тері</u> илейтін зауыт, <u>бу</u> диірмендері жұмыс істеді. <u>Өткен</u> ғасырдың <u>ортасынан</u> бастап, <u>темір</u> (Соколов - Сарыбай) және <u>асбест</u> (Жітіқара) кен орындарын <u>игерудің</u> нәтижесінде теміржолдар <u>салынып</u> , қала жылдам <u>дами</u> бастайды.
	Павлодар. Біздің ата- <u>бабалар ымыз</u> қала үшін ең қолайлы жерді – <u>Ертіс</u> өзенінің <u>жағалауын</u> таңдап ала білген.	<u>1938 жылы</u> Павлодар облыс <u>орталығы</u> болған. <u>1950</u> жылдардың ортасынан бастап қалада өнеркәсіп <u>дами</u> бастады. Мысал. <u>1955 жылы</u> <u>тұңғыш</u> өнеркәсіп кәсіпорынның – машина <u>жасау зауытының</u> (қазір трактор зауыты) <u>құрылысы</u> басталды. <u>1968 ж.</u> оның конвейерінен <u>алғашқы</u> трактор шығарылса, ал <u>1969 ж.</u> <u>мыңыншы</u> машина жасалып <u>шықты</u> . Зауыттың қуаты одан кейінгі уақытта <u>жылына 55 мың</u> дана шығаруға дейін жетті.
Оқулықпен жұмыс. (5 минут): төмендегі «Қолдану» және оқушының тақырып мазмұнына «Баға беру» тәсілдеріне сәйкес, рефлексия жасауға, эссе жазуға арналған, практика жүзінде бекіту тапсырмалары орындалады. Нәтижесі ауызша марапатталады.		
5-қадам. Практика жүзінде «Қолдану» (оқулықпен жұмыс жүргізу барысында тек қарапайым тапсырмалармен бекіту жүргізіледі). Дайын формулалар арқылы есептер шығару орындалады.		
6-қадам: практика жүзінде «Баға беру» (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің?) деген тапсырма.	Қалай ойлайсың? Павлодар қаласын өнеркәсіпті қала ретінде тану дұрыс па? Ойынды дәлелде. Ж: _____	
III кезең		
Деңгейлік тапсырмаларды орындап, балл жинау. III кезең (кері байланыс-бағалау кезеңі): Жеке жұмыс. Жоғарыда меңгерген мазмұнды үш деңгейге іріктеп (әр деңгейдің білімділік, біліктілік, яғни құзіреттілік деңгейін анықтап, әділ бағалау жүзеге асырылады. Бұл тапсырмаларды оқушылар сабақтың соңына дейін қалған 15 минуттың 12 минутында орындайды 3 минут қорытынды жасалады. Қалған тапсырмаларды үйде аяқтап келеді. Қорытынды балл саны дәстүрлі бағаға айналдырылып, келесі сабақтың басында сынып журналына қойылады, мониторингке тіркеледі		

4-кестенің жалғасы	
1	2
I деңгей (5 балл)	
1-қадам: теория бойынша «Білу» үшін тақырып мазмұнына Кім? Не? Кімнің? Кімге? Кімді? Кімде? Кімнен? Кіммен? Қандай? Қай? Қашан? Не істеді? Сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктелінуі керек.	Тест (дұрыс жауаптың астын сыз) 1-тапсырма: 1.«Республиканың солтүстік қақпасы» аталатын қала: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u> ; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 2. Жергілікті темір кені (Соколов-Сарыбай) және асбест (Жітіқара) кен орындарын игеруге байланысты дамыған қала: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u> ; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 2-тапсырма: 3.Солтүстік Қазақстанның әкімшілік орталығы: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u> ; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 4.Ақмола облысының орталық қаласы: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u> ; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 3-тапсырма: 5. Маңында «Бурабай» курорты орналасқан қала: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u> ; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 6.Астанаға ЮНЕСКО-ның шешімімен «Әлем қаласы» атағы берілген жыл: а)1830; ә)1961; б)1992; в)1997; г) <u>1999</u> . 4-тапсырма: 7. Солтүстік Қазақстандағы халқы ең көп қала: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u> ; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 8. Транссібір және Трансқазақстан теміржолдарының қиылысында орналасқан қала: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u> ; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай.
2-қадам: практика жүзінде «Қолдану» (оқулықпен жұмыс. II кезеңнің 5-қадамындағы қарапайым тапсырмалар үлгісіндегі тапсырмалар орындалады)	5-тапсырма: Астана қаласының қысқаша тарихи анықтамасын жаз: Астана _____ 1830 ж – Ақмола бекінісі. 1862 ж - Ақмола қаласы. 1901 – 1992жж – <u>Целиноград</u> . 1992 ж – <u>Ақмола</u> қаласы. 1997 – Ақмола қаласы – ҚР <u>астанасы</u> . 1998 ж - « <u>Астана</u> » атауы берілді. 1999 ж – ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына <u>медаль</u> мен «Бейбітшілік қаласы» <u>атағы</u> берілді.
1-аралық нәтиже: Бірінші деңгейдегі қалыптасқан құзіреттілік (білім, біліктілік) деңгейінің сапалық өлшемі (бірінші аралық өлшемі):-«дұрыс», «толық» деген білім сапасының түрлерімен сипатталады (Ю.К.Бабанский).Оқушының бұл алғашқы қадам нәтижесінің сандық өлшемі- бес балл- «сынақтан өтті»-- «қанағаттандырарлық» білім деңгейінің өлшемі - « білім деңгейінің өлшемі - «3» журналға қойылады, егер келесі деңгей тапсырмаларын меңгере алмаса.	
II деңгей (5 балл+4 балл=9 балл)	
За-қадам: теорияны «Түсіну» үшін неге? Неліктен? Себебі? Не үшін? Дәлелде, түсіндір сұрақтары оқушының жоғарыда	Себебін анықта. 1.Неге себеб болды Астана мәртебесін алуы? Ж: Астана <u>мәртебесін</u> алғаннан кейін жылдам <u>көркейіп</u> , өсе бастады. 2. Қала маңызды әуе жолдарының, теміржол магистральдары мен мемлекеттік маңызы бар автомобиль жолдарының қиылысында орналасуын түсіндір?

1	2												
берген жауаптарына қойылады (оларды тереңдету үшін)	Ж: Себебі, Астана ірі көлік <u>торабы</u> болып табылады 3. Неге себеб болды Франция жерінде өткен Халықаралық көрмелер бюросы Бас ассамблеясының 152 – сессиясында сессияға қатысушы мемлекеттердің 103 дауысын жинағаны? Ж:себебі, <u>ЭКСПО</u> Халықаралық көрмесі 2017 жылы <u>Еуразия</u> жүрегі Астана қаласында өтетіндігіне себеб болды. 4. Не себебті, біздің ата – бабаларымыз ең қолайлы жерді – Ертіс өзенінің жағалауын таңдап ала білген? Ж: Себебі, қолайлы <u>географиялық</u> жағдайы, тас <u>көмір</u>, мыс,<u>алтын</u>, күміс және басқа да <u>сирек</u> кездесетін металдардың мол <u>қоры</u> болуынан. 5. Неліктен Ермак МАЭС – нің, ферроқорытпа, алюминий және трактор зауыттарының құрылыстары басталды? Ж: Себебі, бүкіл экономиканы <u>қайта</u> құруда шешуші рөл атқарды. 6. Не себеб болды жергілікті темір кені (Соколов - Сарыбай) және асбест (Жітіқара) кен орындарын игерудің нәтижесінде теміржолдар салынуы? Ж:Себеб, өткен ғасырдың <u>ортасынан</u> бастап қала жылдам <u>дами</u> бастады. 7. Неге себеб болады оның Транссібір және Трансқазақстан теміржолдарының қиылысында орналасуы? Ж: Себеб, көлік <u>торабы</u>, Петропавл қаласының транзиттік ЭГЖ өте <u>қолайлы</u>.												
3б-қадам: теорияны «Талдау» үшін 1.Салыстыр, 2.Айырмашылығы неде? 3.Ұқсастығы неде? 4.Тақырыптың басты идеясын жаз деген тапсырмалар болу керек. 2 -кезеңде Венн диаграммасы арқылы орындалған тапсырманы кесте түрінде беріп, баланың білімін тексеруге болады.	Солтүстік Қазақстан қалаларын салыстыр. Айырмашылығы мен ұқсастығы неде? <table border="1" data-bbox="451 1043 1481 1823"> <thead> <tr> <th data-bbox="451 1043 683 1079">Қалалар.</th><th data-bbox="683 1043 1481 1079">Кәсіпорындар.</th></tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="451 1079 683 1227"><u>Астана</u></td><td data-bbox="683 1079 1481 1227">Мұнай – газ өнеркәсібі, отын – энерге-тика, көлік, агро-өнеркәсіп кешендері үшін құрал – жабдық шығаруға маман-данған машина жасау кәсіпорындары мен ет комбинаты орналасқан.</td></tr> <tr> <td data-bbox="451 1227 683 1303"><u>Көкшетау</u></td><td data-bbox="683 1227 1481 1303">Радиоауыт, оттегімен демалатын аппаратура шығаратын зауыт, Васильков кен – байыту комбинаты.</td></tr> <tr> <td data-bbox="451 1303 683 1527"><u>Петропавл</u></td><td data-bbox="683 1303 1481 1527">Қалада мұнай – газ өнеркәсібі, отын – энергетика, көлік және сонымен қатар агроөнеркәсіп кешендері үшін (трактор тіркемелері, ауыл шаруашылық құралдарына қосалқы бөлшек) құрал – жабдық шығаруға маманданған машина жасау кәсіпорындары мен ет комбинаты бар.</td></tr> <tr> <td data-bbox="451 1527 683 1751"><u>Қостанай</u></td><td data-bbox="683 1527 1481 1751">Соколов - Сарыбай КБК, және асбест (Жітіқара) кен орындары. Тамақ және жеңіл өнеркәсіп дамыды, ет консервілеу комбинаты, кондитер фабрикасы, мауыты (машинамен түтілген) шұға кәсіпорны, аяқ киім және тігін фабрикалары.</td></tr> <tr> <td data-bbox="451 1751 683 1823"><u>Павлодар</u></td><td data-bbox="683 1751 1481 1823">Ермак МАЭС –і, ферроқорытпа, алюминий және трактор зауыттары, құрылыс материалдары өнеркәсібі.</td></tr> </tbody> </table> Тақырыптың басты идеясын жаз. Ұқсастығы: Солтүстік Қазақстан <u>қалалары</u>. Ерекшеліктері:1. Астана – ел орда. Ірі <u>өндірістік</u>, ғылыми және мәдени орталық. 2.Петропавл қазіргі кезде маңызды <u>өндірістік</u>, мәдени орталық әрі ірі көлік <u>торабы</u>. 3. Қостанай - ірі <u>өнеркәсіп</u> және <u>мәдени</u> орталық. 4. Көкшетау- реакрациялық аудан. 5.Павлодар - ірі мәдени және <u>ғылыми</u> орталық.	Қалалар.	Кәсіпорындар.	<u>Астана</u>	Мұнай – газ өнеркәсібі, отын – энерге-тика, көлік, агро-өнеркәсіп кешендері үшін құрал – жабдық шығаруға маман-данған машина жасау кәсіпорындары мен ет комбинаты орналасқан.	<u>Көкшетау</u>	Радиоауыт, оттегімен демалатын аппаратура шығаратын зауыт, Васильков кен – байыту комбинаты.	<u>Петропавл</u>	Қалада мұнай – газ өнеркәсібі, отын – энергетика, көлік және сонымен қатар агроөнеркәсіп кешендері үшін (трактор тіркемелері, ауыл шаруашылық құралдарына қосалқы бөлшек) құрал – жабдық шығаруға маманданған машина жасау кәсіпорындары мен ет комбинаты бар.	<u>Қостанай</u>	Соколов - Сарыбай КБК, және асбест (Жітіқара) кен орындары. Тамақ және жеңіл өнеркәсіп дамыды, ет консервілеу комбинаты, кондитер фабрикасы, мауыты (машинамен түтілген) шұға кәсіпорны, аяқ киім және тігін фабрикалары.	<u>Павлодар</u>	Ермак МАЭС –і, ферроқорытпа, алюминий және трактор зауыттары, құрылыс материалдары өнеркәсібі.
Қалалар.	Кәсіпорындар.												
<u>Астана</u>	Мұнай – газ өнеркәсібі, отын – энерге-тика, көлік, агро-өнеркәсіп кешендері үшін құрал – жабдық шығаруға маман-данған машина жасау кәсіпорындары мен ет комбинаты орналасқан.												
<u>Көкшетау</u>	Радиоауыт, оттегімен демалатын аппаратура шығаратын зауыт, Васильков кен – байыту комбинаты.												
<u>Петропавл</u>	Қалада мұнай – газ өнеркәсібі, отын – энергетика, көлік және сонымен қатар агроөнеркәсіп кешендері үшін (трактор тіркемелері, ауыл шаруашылық құралдарына қосалқы бөлшек) құрал – жабдық шығаруға маманданған машина жасау кәсіпорындары мен ет комбинаты бар.												
<u>Қостанай</u>	Соколов - Сарыбай КБК, және асбест (Жітіқара) кен орындары. Тамақ және жеңіл өнеркәсіп дамыды, ет консервілеу комбинаты, кондитер фабрикасы, мауыты (машинамен түтілген) шұға кәсіпорны, аяқ киім және тігін фабрикалары.												
<u>Павлодар</u>	Ермак МАЭС –і, ферроқорытпа, алюминий және трактор зауыттары, құрылыс материалдары өнеркәсібі.												

4-кестенің жалғасы

1	2																																																																																						
4-қадам: практик жүзінде «Қолдану». II-кезеңдегі қарапайым тапсырмаларының өзгертілген жағдайдағы нұсқалары орындалады.	Бұл қай қала? 1. Шағын қала. Мұнда Васильков кен – байыту комбинаты жұмыс істейді – <u>Көкшетау</u> . 2. Қала Есіл өзенінің жағасында орналасқан, ауыл шаруашылығы машиналарын шығару дамыған – <u>Астана</u> . 3. Қаланың экономикалық дамуына қолайлы ЭГЖ, көмірдің, мыстың, алтынның мол қоры ықпал етеді. Алюминий зауыты бар – <u>Павлодар</u> . 4. Қала темір мен асбестің кен орындарын игерудің нәтижесінде дамыды – <u>Қостанай</u> .																																																																																						
2-аралық нәтиже: Екінші деңгейде қалыптасқан күзiреттiлiк деңгейдiң сапалық өлшемі (екінші аралық өлшемі): - оқушының бірінші деңгейдегі «дұрыстылық» пен «толықтылық» деп аталатын білім сапасының түрлеріне «тереңділік» пен «әрекеттілік» сияқты түрлері қосылады. Білім, біліктілік сапасының сандық өлшемі- алғашқы жинаған 5 баллға + 4 балл = 9 балл = «4», яғни «жақсы» деген баға журналға қойылады, егер оқушы келесі деңгейді меңгере аламыз.																																																																																							
III деңгей: (5 балл + 4 балл + 3 балл = 12 балл)																																																																																							
5-қадам теорияны «Жинақтау» үшін қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, тірек сызбаны, сөзжұмбақты толтыр немесе өзің құрастыр тағы тағы с.с. басқа түрдегі тапсырмалар оқушының жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясын» жазған жауабына қойылады. II кезең 4-қадамда «жинақтауға» берілген тапсырма басқа формада беріліп, баланың білім деңгейі бағаланады	Сөзжұмбақты шеш: <table><tr><td>¹П</td><td></td><td></td><td>⁴П</td><td></td><td>⁶Қ</td><td>1.«Республиканың солтүстік қақпасы» аталатын қала:</td></tr><tr><td>Е</td><td></td><td>³К</td><td>А</td><td></td><td>О</td><td>2. Халықаралық көрме.</td></tr><tr><td>Т</td><td></td><td>Ө</td><td>В</td><td>⁵С</td><td>С</td><td>3. Шағын қала. Мұнда Васильков кен-байыту комбинаты жұмыс істейді.</td></tr><tr><td>Р</td><td></td><td>К</td><td>Л</td><td>Т</td><td>Т</td><td>4. Қаланың экономикалық дамуына қолайлы ЭГЖ, өмірдің, мыстың, алтынның мол қоры ықпал етеді. Алюминий зауыты бар қала?</td></tr><tr><td>О</td><td>²Э</td><td></td><td>О</td><td>Е</td><td>А</td><td>5. Ақмола облысының құрамында облыстық дәрежедегі екі қаланың бірі?</td></tr><tr><td>П</td><td>К</td><td>Е</td><td>Д</td><td>П</td><td>Н</td><td>6. Соколов - Сарыбай КБК, және асбест (Жітіқара) кен орындары орналасқан қала.</td></tr><tr><td>А</td><td>С</td><td>Т</td><td>А</td><td>Н</td><td>А</td><td rowspan="6"></td></tr><tr><td>В</td><td>П</td><td>А</td><td>Р</td><td>О</td><td>Й</td></tr><tr><td>Л</td><td>О</td><td>У</td><td></td><td>Г</td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>О</td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>Р</td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>С</td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>К</td><td></td><td></td></tr></table>	¹ П			⁴ П		⁶ Қ	1.«Республиканың солтүстік қақпасы» аталатын қала:	Е		³ К	А		О	2. Халықаралық көрме.	Т		Ө	В	⁵ С	С	3. Шағын қала. Мұнда Васильков кен-байыту комбинаты жұмыс істейді.	Р		К	Л	Т	Т	4. Қаланың экономикалық дамуына қолайлы ЭГЖ, өмірдің, мыстың, алтынның мол қоры ықпал етеді. Алюминий зауыты бар қала?	О	² Э		О	Е	А	5. Ақмола облысының құрамында облыстық дәрежедегі екі қаланың бірі?	П	К	Е	Д	П	Н	6. Соколов - Сарыбай КБК, және асбест (Жітіқара) кен орындары орналасқан қала.	А	С	Т	А	Н	А		В	П	А	Р	О	Й	Л	О	У		Г						О						Р						С						К		
¹ П			⁴ П		⁶ Қ	1.«Республиканың солтүстік қақпасы» аталатын қала:																																																																																	
Е		³ К	А		О	2. Халықаралық көрме.																																																																																	
Т		Ө	В	⁵ С	С	3. Шағын қала. Мұнда Васильков кен-байыту комбинаты жұмыс істейді.																																																																																	
Р		К	Л	Т	Т	4. Қаланың экономикалық дамуына қолайлы ЭГЖ, өмірдің, мыстың, алтынның мол қоры ықпал етеді. Алюминий зауыты бар қала?																																																																																	
О	² Э		О	Е	А	5. Ақмола облысының құрамында облыстық дәрежедегі екі қаланың бірі?																																																																																	
П	К	Е	Д	П	Н	6. Соколов - Сарыбай КБК, және асбест (Жітіқара) кен орындары орналасқан қала.																																																																																	
А	С	Т	А	Н	А																																																																																		
В	П	А	Р	О	Й																																																																																		
Л	О	У		Г																																																																																			
				О																																																																																			
				Р																																																																																			
				С																																																																																			
				К																																																																																			
6-қадам: практика жүзінде «Баға беру» (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің?) деген	2-тапсырма: Сен қалай ойлайсың? Астананы жиырма жылдан кейін қандай күйде елестетесің? Ж: 																																																																																						

Қорытынды

Қазіргі кезде білім беру саласында жасалынып жатқан өзгерістер мектеп оқушыларының ойлау белсенділігін дамытып, білім, білік, дағдыларын өмірдің жаңа жағдайына пайдалана білуге үйрету қажеттілігін туғызуда.

Оқушы санасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және оқушының қабілет деңгейін дамытуда сабақ берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің маңызы ерекше. Осы әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, өздігінен жұмыс істеуге, талдау мен қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді.

Шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыра оқыту процесінде педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану қажет.

Қазіргі кезде мектептің оқу-тәрбие үрдісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес. Сондықтан жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдерін, жана технологиялар көмегімен шешілетін мәселелерді және оларды қолдану арқылы алынатын нәтижелерді білу өте қажет.

Оқушыларды жаңа технологияда жұмыс істеуге үйрету әдісін қолдану, қандай да бір технология үшін оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыру; күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау; әр сабақта сауатты жоспарлау; оқу моделін құрастыру; оқушылардың өзіндік жұмыстары үшін таратпалы материалдарды дайындау; оқушыларға арналған өзіндік тапсырмаларды құрастыру; оқушылар үшін деңгейлік тапсырмалар жасау; компьютерлік бақылау үшін тапсырмалар дайындау қазіргі сабақты өткізудің негізі.

Қорыта келгенде оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру формалары оқытудың дидактикалық және тәрбиелік міндеттерін іске асыруға, мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерінің сипатына (әдістер мен құралдарды таңдау), оқушылардың өзара қарым-қатынасына әсері етеді. Ал, оқытудың тиімді әдістері мен түрлерін, әдістемелік ұсыныстарды таңдап, оларды технологиялық үдерісте дұрыс үйлестіріп және ұтымды пайдаланған жағдайда оқу процесінде елеулі нәтижелерге қол жеткізуе болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы // Егеменді Қазақстан, 14.12. 2010 ж.
- 2 Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Қазіргі дидактика. – Алматы: Ғылым, 2007. – 280 б.
- 3 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 482 б.
- 4 Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика (педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық), Астана, 2004. – 358 б.
- 5 Қазақ энциклопедиясы, Алматы, 1998. 7-том.
- 6 Журнал «Педагогическая техника». - №3. – Москва, 2007.
- 7 Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. –Алматы, 2004. – 218 б.
- 8 Климанова Л.Ф. Универсальные учебные действия обучающихся: примеры формирования / Л.Ф.Климанова // Управление начальной школой. -2010. - №10.-С. 20-25.
- 9 Кузнецова О.В. Развитие универсальных учебных действий обучающихся средствами проектно-исследовательской деятельности / О.В.Кузнецова, Н.В. Дудырева // Управление начальной школой. – 2011. -№6. – С. 31-40.
- 10 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07. 2007.
- 11 Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, -1989. –190 с.
- 12 Әміров Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. 2009. -350 б.
- 13 Выбор методов обучения в средней школе. Под ред. Ю.К. Бабанского. – М.: -1981.
- 14 Монахов В.М. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса, Волгоград: Перемена, 1995.
- 15 Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. – Алматы, Жазушы, 2005. – 200 с.
- 16 Лернер И.Я. Проблемное обучение. - М.: Знание, 1974.
- 17 Занков Л.В. О предмете и методах дидактического исследования. -М.: 1962.
- 18 Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. -Алматы, 2002.
- 19 Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құрал. - Түркістан қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010. – 113 б.
- 20 Амонашвили Ш.А. Обучения, оценка, отметка. – М.: Просвещение, 1980.
- 21 Шаталов В.Ф. Эксперимент продолжается. -М.: Педагогика. -1989.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Қазіргі сабаққа қойылатын негізгі талаптар.....	5
2 Заманауи сабақты жобалаудың құрылымы.....	15
3 Сабақты ұйымдастырудың жаңа технологиялары.....	22
4 Қазіргі сабақты жобалау және ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	33
Қорытынды.....	45
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	46

Қазіргі сабақты жобалау және ұйымдастыру

Оқу-әдістемелік құрал

Басуға 30.05. 2014 қол қойылды. Пішімі $60 \times 84 \frac{1}{16}$.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 3.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Астана қ., Орынбор көшесі 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат.